Шартты рай формасы етістіктің жалаң, к:рделі негіздеріне -са, -се жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Шартты райдың бұл формасы мағына жағынан басқа бір амалдың я істің ж:зеге асу-аспау шартын білдіреді. Осы мағынасына оай, шартты рай формалы етістік :немі құрмалас сөйлемнің шартты бағыныңқысының баяндауышы болады да, басыңқы сөйлемнің баяндауышының істелу-істелмеу шартын көрсетеді. Мысалы: Мен барсам, сен кетіп қалыпсың. Олар келсе, бәріміз :йге қайтамыз.

Шартты рай формасы :немі жіктеліп жұмсалады. Оның жіктелу :лгісі жедел өткен шақ формасына ұқсас. Шартты рай формасының :немі жіктеліп жұмсалатынына мынадай екі себеп бар: біріншіден, }еді{ көмекшісімен тіркестіріліп қолданылғанда да, шартты форма жақ қосымшасында тұрып жіктеледі (мен барсам еді, сен барсаң еді), екіншіден сабақтас құрмаластардың бағыныңқы сөйлемдерінің баяндауыш формаларының ішіндегі :немі жіктеліп жұмсалатыны-тек осы шартты форма, өзге формалдар жіктелмейді.

Шартты рай формасының жіктелуі т:ріне -шы, -ші дәнекері тіркесіп жұмсала береді, бірақ бұл шартты форма шарт мәнінен айырылып, қапы калу, опық жеу, өкіну тәрізді басқа мәнді білдіреді. Мысалы (сен барсаңшы, сендер барсаңдаршы)

Қазақ тілінің шақ категориясының ж:йесі өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп аталатын :ш саладан тұрады.

Өткен шақ деп сөйлеу кезеңінен бұрын болған я істеліп тынған амал-әрекетін білдіретін етістік формаларын айтамыз. Сөйлеу кезінен бұрын болған я істеліп тынған амалдың кезін білдіретін етістік формаларына қазақ тілі аса бай. Бірақ ол формаларының т:рлері де, мағыналары да бірдей емес, әр алуан. Мысалы: Біз бардық, біз барғанбыз, біз барушы едік, біз барар едік, біз барады екенбіз, біз бара жатыр едік.

Семантикалық сипаттарын ескере отырып, өткен шақты анық өткен шақ, танық өткен шақ және неғайбыл өткен шақ деген :ш салаға бөлуге болады.

1. Анық өткен шақ деп сөйлеушінің болған я болмаған амал-

формалардың мағыналары жөнінде деу да, к:ңгірт мәселелер де жоқ еме. Мысалы I-жақ формалары (бар-айын, бар-айық, баралық) амалды ж:зеге асыруды біреуге бұйырудан гөрі, сөйлеуші орындауды өз міндетіне алғаны, оны істеуге өз ынтасы барлығы аңғарылады. Өйткені бұл формалар (йын, -йық, -лық) іске қозғау салмайды, біреуге сілтемейді, сөйлеушінің амалды өзі істейтінін білдіреді.

II-жақ формалары нағыз бұйрық мәнімен қатар, тілек, өтініш, кеңес, ұсыныс тәрізді модальдық мағыналарды да білдіреді. Бірақ бұл мағыналардың да қилы-қилы реңктері контекске, интонацияға қарай анықталып, эмоциямен, экспрессиямен ұштасып жатады.

Бұйрық формасына -шы, -ші модальдық шылауы тіркессе, ол форма бұйрық мәнінен ажыратылады, сұрану (I-жақ), жалыну (II-жақ), өтіну (III-жақ) мағынасын білдіреді. мысалы: Мен барайыншы, сен баршы, сіз барыңызшы, ол барсыншы.

Осы шылау (шы, -ші) шартты рай формасына тіркессе. ол форма жақтық мәнінен ажырылады да, ж:зеге аспаған және асапайтын неғайбыл амалды, яғни өкініш (I-жақ), жалыныш (II-жақ), өтініш (3-жақ) мағынасын береді.

Қалау рай сөйлеушінің белгілі бір амалды я әрекетті ж:зеге асыруға бағытталған ниетін, ынта-тілегін, :міт-арманын білдіреді. Бұл райдың көрсеткіштері есебінде -ғы -м, -ң, сы кел, -са игі еді, -ғай еді, -са екен форманттары қызмет етеді. Олар:

Менің барғым келеді. Біздің барғымыз келеді.
Сенің барғың келеді. Сендердің барғыларың келеді.
Сіздің барғыңыз келеді. Сіздердің барғыларыңыз келеді.
Оның барғысы келеді. Олардың барғылары келеді.

Бұл форма мазмұны жағынан да ж:зеге асу я аспауы неғайбыл келер шақ мәнінде жұмсалуымен қатар, өткен шақ пен осы шақ т:рлерінде де қолданыла береді. Бірақ олар нақтылы амалдың ж:зеге асқан я асып жатқан шағын емес, тек өткен шақта я қазіргі шақта сөйлеушінің көкейінде болған арман-ынтаны ғана білдіреді.

Мысалы: менің барғым келді, менің барғым келіп тұр.

К:рделі -ғай еді форманты арқылы сөйлеуші басқа (II-III) субьектінің белгілі бір амалды жасағанын я орындағанын аңсайды, бірақ одан амалдың қалай тынғаны көрінбейді де, білінбейді де, мыс: сен барғай едің, ол барғай еді.

К:рделі-са игі еді форманты арқылы да сөйлеуші басқа (II-III) субьектінің амалды орындауын тек тілек ретінде атайды. Бірақ амалдың нақтылы орындалатыны я орындалғаны аңғарылмайды. Мысалы: сендер барсаңдар игі еді, олар барса игі еді т. б.

К:рделі -са екен форманты да болашақта стелінетін амалды тек



Белгілі бір ұғымның атауы ретінде қолданылатын дыбыстық комплекс сөз деп аталатыны белгілі. Сөздің сыр-сипаты тілдегі сөз атаулының басындағы ерекшеліктерді іздеу арқылы емес, олардың барлығына тән, белгілі топ-тобына тән жалпы қасиеттерді анықтау арқылы ашылады. Мысалы: бар, баршы, барыңызшы, барыңдаршы, барсыншы, барайықшы, барды, бармасам, барар, баратын, барған, барылмапты, барғышта, барылмапты, барғышта, барғыш дегендерді алайық. Оларға қарап отырсақ осылардың әрқайсысы басқа-басқа сөздер ма, я болмаса олар бір сөздің әр алуан т:рлері ма деген сұрақтар туады.

Егер сыртқы тұлғаларына қарап, олар бір сөз емес десек, онда сөз бен сөзді жалғастыратын, сөз т:рлендіретін категориялардың араларында айырмашылық болмас еді. Ал егер тек мағыналарына қарап, олар бір ғана сөз десек, онда тіліміздегі грамматикалық формалардың өзді-өзіне тән қызметтерін ескермей елеусіз қалдырғандық болар еді, сонымен бірге бұл жағдайда оларды іштей жіктеуге де, алды-алдына саралап т:сіндіруге де болмас еді. Олай болса осы аталған (бар) сөзден өрбіген т:рлі сөз формаларының ж:йесін тауып, өздеріне тән сөздік және формалық қасиеттерін анықтау-грамматикалың басты міндеттерінің бірі.

Сөз дегеніміз-белгілі формалардың ж:йесі. Ол ұғымға сол сөздің барлық формалары енеді. Ендеше бар, баршы, барыңыз.... дегендерді бәрін де бір сөздің әр т:рлі формалары деп таныған мақұл. Өйткені тіліміздегі сөз бен сөзді байланыстыратын, сөзден сөз тудыратын, демек кейбіреулері жаңа сөз тудыратын, кейбіреулері тек сөздің т:рін ғана өзгертетін я т:рлендіретін қосымшалардың қай-қайсысын алсақ да, олар өздері жалғанған сөзді я бір грамматикалық категориядан екінші бір басқа грамматикалық категорияға көшіретін,я болмаса жалпы грамматикалық категорияның ішіндегі жалқы категорияларды іштей бірінен-біріне аударатын формалар ретінде қызмет етеді. Жоғарыдағы формалар синтетикалық тәсіл арқылы жасалған. Синтетикалық тәсіл арқылы туатын сөз формаларын категориялық маңыздары мен қызметтеріне қарай сөз жалғастыратын, сөз т:рлендіретін және сөз тудыратын формалар деп :ш салаға бөлген дұрыс.

Қазақ тілігдегі сөздердің өзара қарым-қатынасы тек қосымшалар арқылы ғана, демек морфологиялық тәсіл арқылы ғана емес, синтаксистік тәсіл арқылы да беріледі. Атап айтсақ, синтаксистік тәсіл арқылы да сөздерді бір-бірімен байланыстырып, әр алуан таза грамматикалық мағыналармен қатар, лексика-грамматикалық мағыналар жасауға болады. Бірақ бұл тәсіл арқылы туатын мағыналар да сөздердің қалай болса солай, кездейсоқ т:рде тіркесе салуынан пайда болмайды, тілдің ішкі даму заңдарына лайық қалыптасқан ж:йе-ж:йе ережелері бойынша құралуынан туады. Мысалы: бере кел, бере кет, бере шық, бере

ғой, бере ж:р, бере баста, бере жазда деген сияқты тіркестерді алсақ, әрбір тіркестің лексика - грамматикалық мағыналары тіліміздегі дағдылы тіркестер арқылы туған. Осы сияқты көк ала, сұр ала, сары ала, шұбар ала деген тіркестердің және ақ көк, қара көк, қызыл көк, теңбіл көк, жасыл көк тәрізді тіркестердің мағыналары мен қызметтері де олардың құрамдарындағы сөздердің белгілі бір ж:йе бойынша құрылуынан туады. Осы формалар тек грамматикалық я лексика-грамматикалық мағыналардың және олардың қызметтерінің нақтылы тілдік-жамылышы ретінде қызмет етеді. Ендеше осындай формаларды сөз формалары деп танимыз. Бірақ бұл соңғы формалар синтаксистік формалар. Солай болса қазақ тілінде сөз формалары морфологиялық тәсіл арқылы да, синтаксистік тәсіл арқылы да жасалады.

Сөз формасы деп оның морфологиялық құрамындағы бөлшектерінің (морфемалардың), синтаксистік байланыс-жалғас тәсілдерінің өзара бір - бірінен ерекшеленіп бөлінерліктей және соған орай қосымша мағыналарды білдірерліктей әр алуан т:рлерін айтамыз.

Тіліміздегі сөздер морфологиялық құрамы жағынан біркелкі емес, әр т:рлі. Сөздердің ішінде жалаң т:бір сөздер де, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер де бар. Бұл тұлғалармен қатар, екі т:бірден біріккен сөздер де, екі т:бірден қосарланып жасалған сөздер де, бірнеше т:бірдің тіркесуі арқылы жасалған құрама сөздер де, бірнеше т:бірден қысқарып құралған сөздер де бар.

Сөздер формалық нұсқаларына қарай жалаң және к:рделі сөздер деп екіге бөлініп, жалаң сөздерге т:бір сөз бен туынды сөздерді, к:рделі сөздерге біріккен сөздерді, қос сөздерді, қысқарған сөздерді жатқызады.

Жалаң сөз деп құрамында бір ғана негізгі т:бірі бар сөздерді айтамыз да, к:рделі сөз деп құрамында ең кемінде екі негізгі т:бірі бар сөзді айтамыз.

Қазіргі т:бірлердің бәрі де-лексикалық, грамматикалық және дыбыстық жақтарымен тұрақты бір б:тін тұлғалар. Ол т:бірлер практикалық тілде жеке-дара сөз ретінде де, жаңадан әр алуан сөздер тудыратын негіз ретінде де, жаңадан әр алуан сөздер тудыратын негіз ретінде де, жаңадан әр алуан сөздер тудыратын негіз ретінде де жұмсала береді. Мысалы: ол, бұл, кет, ас, ат, шаш, сіз, :міт, оян, жан, жақ, жалын, жалқы, жалғыз, қайт, қайыр сөздерінде осы қасиеттердің бәрі де бар. Бірақ тарихи тұрғыдан қарағанда т:бір бірте-бірте мағына жағынан да, дыбыстық жағынан да дамып қалыптасады. Мысалы, қазіргі кез тұрғысынан қарағанда жақ, жан, жалын, жалаң, жалқы сөздері т:бір сөздер. Ал тарихи тұрғыдан алсақ осылардың бәрі де туынды сөздер, өйткені жан, жақ, жа сөздері -н, -қ, -л, - ын қосымшалары арқылы жа деген т:бірден туған. Демек ертезамандарда т:бір есебінде қызмет еткен бұл морфемалар кейінгі замандарда көнеріп, туынды



қандай амал я әрекет болсын белгілі бір мезгілде өтеді. Ашық райдың ең негізгі қасиеті-шақты, шақтың неше қилы мәндерін, реңктерін білдіру болады. Сөйтіп ашық рай деп амал-әрекеттің өткенде, қазірде және келешекте болу я болмауын білдіретін негативті грамматикалық категориясына айтамыз. Ашық рай формары арқылы айтылатын хабар ақиқат шындықты, реальды құбылысты білдіріп, тікелей, өткен шақ, қазіргі шақ, келер шақ категорияларымен байланысты болатындықтан, оның нақтылы мазмұны мен формалары шақ категориясымен байланысты қаралады.

Етістік формалары арқылы реальсыз ж:зеге аспайтын я асу - аспауы к:дікті амал-әрекет те беріледі. Неғайбыл райлардың білдіретін негізгі мағыналары әмір, бұйрық, тілек, өтініш, жалыныш, шарт, м:мкіндік сияқты амал-әрекеттерімен байланысты болады да, тек келешекке ғана мегзейді. Яғни амалдың айқын емес екенін білдіретін негативтік сипат-неғайбыл райлардың бәріне де тән жалпы қасиет. Ал ж:зеге асуы реальды емес, тек идеальды я неғайбыл амалды білдіретін қосалқы райлар, арнаулы формалары мен модальдық мағыналарына қарай бұйрық рай, шартты рай, қалау рай деп аталатын :ш т:рге бөлінеді.

Етістіктің бұйрық рай деп аталатын т:рінің модальдық мағыналары-семантика жағынан да, грамматикалық жағынан да қарымы кең формалар. Бұл рай іске қосу, амалды істеуге қозғау салу, т:рткі болу, ұсыныс жасау, кеңес беру, тілек айту, өтініш ету, әмір ету, бұйыру сияқты қыруар көп модальдық мағыналарды білдіреді, демек бұл рай сөйлеушінің белгілі бір істі жасау, ж:ргізу, тындыру туралы көңіл қошынан туған талабын, тілегін білдіреді. Қозғау салу, іске қосу мағынасы бір тыңдаушыға да, көп тыңдаушыға да, I, II, III жақтардың бәріне де арналады және етістіктің жалаң я к:рделі т:рлері арқылы айтыла береді. Мысалы:

| | |
|---|---|
| 1. Мен барайын. | Біздер барайық |
| Сен бар (барғын) | Сендер барыңдар |
| Сіз барыңыз | Сіздер барыңыздар |
| Ол барсын | Олар барсын |

Модальдік мағыналардың біреулері әрқашан амалды істеу :шін біреуге (I, II, III жақтарға) ықпал жасау ниетін аңғартады да, әдетте ол субьектіні (адамды) іске икемдеу :шін көндіру :шін қолданылады. Бұлар, бұйрық ретінде айтылады. Модальдық мағыналардың екінші біреулерінде ықпал жасау ниеті көзделмейді, тек жай ғана тілек, өтініш айтылады.

Сен оқы, мен тыңдайын, сен оқи бер, мен тыңдайын да отырайын т. т. мысалдардан бұйрық райдың жіктелетіні көрнеді. Бірақ ол

жиреніш, өкініш, өтініш сияқты көңіл к:йі жайлары да аңғартылып отырады. Сөйлеушінің я жазушының көңіл қошының осындай сәттері модельдік реңк деп аталады.

Сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер және олар арқылы берілу ж:йесі модельдік категория деп аталады. Модельдік категорияның етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдерінің ж:йесі етістіктің райы деп аталады.

Етістіктің райы-мазмұн жағынан да, форма жағынан да-аса бай категория. Мысалы: мен барайын, мен барайыншы, мен барсамшы, мен бара алмаймын, мен бара қояйын, мен бара салайын, мен барып көрейін...тәрізді жай сөйлемдердегі етістік формаларын алсақ, олардың әрқайсысында өзіне ғана тән, өзгелерінде жоқ модальдық мән бар. Ал сол модальдық реңктердің қай-қайсысы болсын етістіктің тиісті формалары арқылы беріліп, сол формалар арқылы бір-бірінен ажыратылып тұр. Рай категориясы шақ формаларымен де, есімше мен көсемшенің формаларымен де және етістіктің кейбір өзге т:р формаларымен де байланысты болады.

Амалдың ақиқатқа қатысын білдіруіне қарай етістік райлары іштей сараланып, ашық рай және неғайбыл райлар деп аталатын екі салаға бөлінеді. Олардың негізгі сипаттары мен айырмашылықтары мынандай:

1) Ашық райда арнаулы грамматикалық көрсеткіштер болмайды, неғайбыл райларда арнаулы қосымшалар болады.

2) Ашық рай, амалды реальды етіп көрсететіндіктен, мезгіл ұғымымен - өткен, қазіргі және келер шақтармен байланысты болады да, сөйлеу тілінде сол шақ формалары арқылы көрінеді. Ал неғайбыл амалдың реальды емес екенін, яғни амалдың негативті сипатын білдіріп, олардың бұйыру, қалау, шарт ету, қажет санау тәрізді модальдық реңктер т:рінде атайды да, тек келешекке мегзегені ғана болмаса, жақ категориясына тікелей қатыспайды.

3) Ашық райдың қолданылу өресі де, мағыналық қарымы да әрі кең, әрі аса бай ұтымды болады. Сол себептен көптеген модальдік реңктер мен басқа таза субьективтік мағыналарды білдіру :шін индикативтің (ашық райдың) формалары аса жиі қолданылады.

Ашық райдың арнаулы қосымшалары болмағанымен бұл категория амалдың белгілі бір мезгілде, яғни өткен, қазіргі және алдағы кездердің бірінде болу я болмауын көрсететін шақ формаларымен тікелей байланысты болатындықтан, шақ формаларының ж:йесі оның грамматикалық көрсеткіштері есебінде қызмет етеді. Бұл қызмет ашық райға тән табиғи нәрсе. Рай категориясы етістікке тән категория болатын болса, амалды, әрекетті, қимылды, қозғалысты, процестерді білдіретін етістіктердің өздеріне тән табиғи формасы-шақ категориясы мен байланысты. Өйткені



сөздердің құрамына еніп, ол құрамнан бөлшектенбейтіндей к:йге жеткен де, жаңадан сөз тудырарлықтай т:бірге айналған. Осындай көнеленген сөздер көнеленген т:бірлер деп аталады.

Сонымен т:бір деп әрі қарай бөлшектенбейтін, морфемаларға м:шеленбейтін, нақтылы бір зат я құбылыс жайындағы немесе әрекет жайындағы ұғымды білдіретін белгілі бір дыбысты я дыбыстық құрамды айтамыз.

Туынды сөз деп әдеттеморфемаларға бөлшектенетін туынды негіздерді айтамыз. Туынды сөздің құрамында негізгі т:бір морфемасы және қосымша морфемалар болуы шарт. Мысалы: малшы, малшылық, құрама, құранды т.б. Сөйтіп туынды сөздер деп жұрнақтар арқылы негізгі т:бірден өрбіген сөздерді айтамыз. Осы себептен туынды сөздер деп грамматикаларда кейде туынды т:бір деп те аталады. Мысалы: Көкше көктен де көгілдір деген сөйлемді алсақ, ондағы Көкше, көктен, көгілдір дегендердің :шеуі де бірдей туынды сөздер емес. Бастапқы т:бірі көк болғанымен ондағы туынды сөздер көкше және көгілдір дегендер ғана. Ал көктен деген туынды сөз емес, жалғаулы сөз ғана. Туынды сөз тек т:бірден ғана жасалып қоймайды, туынды сөздердің өздерінен де өрби береді. Мысалы: біл, білім, білімпаз, білімпаздық деген сөздерді алсақ, бәрінің де т:бірі-біл. Бірақ ол т:бірден тікелей туған сөз-білім деген ғана. Қалғандары туынды сөздерден өрбіген (білімпаздық).

Туынды сөздер жұрнақ арқылы жасалғанымен, жұрнақтар барлық сөзге бірдей жалғана бермейді. Кейбір жұрнақтар бір сөзге ғана емес, белгілі бір топ сөздің қай-қайсысына болса да, жалғана берсе, кейбір жұрнақтар бір-екі сөзге ғана жалғанып көнеленіп қалады да басқа сөздерге жалғанбайды. Бір алуан сөздерге жаппай жалғаныла беретін жұрнақтарды тірі жұрнақтар дейміз де, бірді-екілі сөзге ғана жалғанып орнығып, қалыптасып қалған жұрнақтарды өлі я көне жұрнақтар дейміз. Мысалы: ойпат, киіт, кент, жент, тоңазы, шынтуайт дегендердегі -пат, -іт, азы, -нт, -туайт жұрнақтары өлі жұрнақтар.

Тірі жұрнақтар да кез келген сөздерге жапа-тармағай жалғана бермейді. Көне жұрнақтар бірлі-жарымды сөздерге жалғанса, тірі жұрнақтар өздерінің жаңа сөз тудыру қабілетіне қарай, сөздердің семантикасына, мағынасына қарай белгілі бір грамматикалық категорияға жататын сөздерге жалғана береді. Мысалы: -шы,-лы деген тірі жұрнақтарды жалғап: сушы, малшы, кенші, сулы, малды, :йлі деген сияқты сөздерді жасауға болады. Бірақ осы сөздерге -қы,-кі,-ғыш,-қыш жұрнақтарын жалғауға болмайды.Өйткені бұл жұрнақтар бір сөз табына жататын сөздерден екінші сөз табына жататын сөздерді тудырады.

Жұрнақтың туынды сөзге қосатын:лесі оған тән болып қалыптасқан формасына, мағынасына, қызмет атқару қабілетіне

байланысты.Мысалы: -лы,-лық, -ла, -лас, -шы, -шылық жұрнақтарын алсақ, олардың өздеріне тән формалары, өз мағыналары, қабілеттері бар. Ендеше қанша жұрнақ болса, олардың әрқайсысының өз формасы, өз мағынасы, өз қабілеті болады. Сөйтіп, туынды сөздің мағынасы өзінің құрамындағы т:бірдің мағынасымен де жұрнақтың мағынасымен деіштей байланысып барып, біртұтас қасиет-қабілетке иеленеді.

**Тапсырмалар мен сұрақтар:**

1. Сөз формалары дегеніміз не?
2. Қазақ тіліндегі сөзформалары қандай тәсілдер арқылы жасалады ?
3. Жалаң сөздер дегеніміз қандай сөздер, оларды т:рлеріне сипаттама берің.
4. Т:бір сөз дегеніміз не ?
5. Туынды сөз дегеніміз не, олар қалай жасалады ?
6. Тірі жұрнақтар және өлі жұрнақтар туралы не білесіз ?

**Пайдалыналған әдебиеттер:**


1. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология Алматы, Рауан, 1оо3ж
2. К.Аханов. Грамматика теориясының негіздері. Алматы
3. А.Ибатов. Қазақ тілі морфологиясының тарихы. Алматы, 1ооu
4. Ә.Төлеуов. Қазақ тіліндегі есімдер. Алматы, 1ооу
5. Ы.Маманов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1оо0


## К:РДЕЛІ СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ Т:РЛЕРІ

**Ж О С П А Р Ы :**

1. К:рделі сөздерге жалпы сипаттама
2. Сөздердің к:рделену процесіне тілдік факторлардың әсері
3. Қос сөздер, мағыналық ерекшеліктері
4. Біріккен сөздер, т:рлері, ерекшеліктері
5. Қысқарған сөздер, сөздердің қысқару жолдары мен тәсілдері

**Тірек сөздер**: кемі екі я одан да көп сөздерден құралады, әуел бастағы жай сөз тіркесінен шығады, б:гін, биыл, орынбасар, әпер, сөйт, сөздердің к:рделенуіндегі фонетикалық, лексика-семантикалық, грамматикалық факторлар, к:рделі сөздерді топтастыру, қос сөздер, біріккен сөздер, қысқарған сөздер туралы.

К:рделі сөз деп кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, ритм, ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан бір тұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір б:тін тұлға болып бірлескен тұрақталған құрама сөзді я сөз тіркесін айтамыз.



4. Шақ категориясының формалары, олардың өзіндік белгілері.

Тірек сөздер: Сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін мазмұны жағынан да, формасы жағынан да аса бай категория райлар болып табылады, райлар ашық рай және неғайбыл райлар болып екіге бөлінеді, ашық рай шақ категориясыен тығыз байланысты қаралады, неғайбыл райға бұйрық рай, қалау рай, шартты рай т:рлері бар.

Сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер және олар арқылы берілу ж:йесі модальдік категориясы деп аталады. Модальдік категорияның етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдерінің ж:йесі етістіктің райы деп аталады.

Етістіктің райы мазмұн жағынан да, форма жағынан да аса бай категория. Мысалы: мен барайын, мен барайыншы, мен бара алмаймын, мен бара қояйын, мен бара салайын, мен барып көрейін, менің барғым келеді.... деген тәрізді жай сөйлемдердегі етістік формаларын алсақ, олардың әрқайсысында өздеріне тән, өзгелерінде жоқ модальдік мән бар. Ал сол модальдік реңктердің қай-қайсысы болсынетістіктің тиісті формалары арқылы беріліп, сол формалар арқылы бір-бірінен ажыратылып тұр. Амалдың ақиқатқа қатысын білдіруіне қарай етістік райлары іштей сараланып ашық рай және неғайбыл райлар деп аталатын екі салаға бөлінеді. Олардың негізгі сипаттары мен айырмашылықтары мынадай: 1) Ашық райда арнаулы грамматикалық көрсеткіштер болмайды, неғайбыл райларда арнаулы көрсеткіштер болады. 2) Ашық рай амалды реальды етіп көрсететіндіктен, мезгіл ұғымымен-өткен, қазіргі, келер шақтармен байланысты болады да, сөйлеу тілінде сол шақ формалары арқылы көрінеді. Ал неғайбыл райлар амалдың реальды емес екендігін, яғни амалдың негативті сипатын білдіріп, олардың бұйыру, қалау, шарт ету , қажет санау тәрізді модальдік реңктер т:рінде атайды да, тек келешекке меңзегені болмаса, шақ категориясына тікелей қатыспайды. 3) Ашық райдың қолданылу өресі де, мағыналық қарымы да өте кең, әрі аса бай ұтымды болады.

Ашық райдың арнаулы қосымшалары болмағанымен бұл категория амалдың белгілі бір мезгілде, яғни өткен, қазіргі, келер шақтардың бірінде болу я болмауын көрсететін шақ формаларымен тікелей байланысты болатындықтан, шақ формаларының ж:йесі.

Адам сөйлегенде я жазғанда белгілі бір жайт туралы жалаң хабар беріп қоймайды, соған қатысты өзінше т:йген көзқарасын, көңіл қойын, ой-құбылысын да білдіріп отырады. Өйткені ондайда көңіл, ой құбылысы арқылы айтылатын хабардың анықтығы, ақиқаттығы, к:мәнділігі, :стіртінділігі, м:мкіндігі, аяныш, жалыныш, қуаныш, реніш,

байланысты қаралады. а) -а,-е, -й жұрнағы арқылы жасалған көсемше көбінесе алдағы уақытта ж:зеге аспақшы амал-әрекетті білдіреді. Бірақ сол келер шақ ұғымы нақты емес, жалпы ғана аталады. Мысалы~ Біз алдағы каникулда да егін жинауға барамыз, сөйтіп әлеуметтік іске болысамыз. ә) -ғалы, -гелі жұрнағы етістік негізіне жалғанып, контекске қарай келер шақ мәнін де білдіреді. Мысалы: Мен сізді әдейі көргелі, сізбен танысқалы және ақылдасқалы келдім. б)-ғанша, -генше жұрнағы да етістік негізіне жалғанып, контекске қарай, оған келер шақ мәнін жамайды. Бұл форма құрмалас сөйлемнің тек бағыныңқысының баяндауышы болады да, басыңқы сөйлемде аталатын негізгі амалдан кейінгі іс-әрекетті білдіреді. Мысалы: Хош сау бол, ей ағалар, біз келгенше. Таз таранғанша той тарқайды.

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Етістіктің қандай грамматикалық категориялары бар, олардың бір-бірінен айырмашылықтары қандай?
2. Етістік негізі дегеніміз не ?
3. Етістіктің салттылық және сабақтылық категориясы қалай жасалады ?
4. Етіс категориясының қандай т:рлері бар, мысалдар келтірің.
5. Болымдылық және болымсыздың категориялары қалай жасалады.

у. Етістіктің қимыл атауы категориясының қызметі қандай ?

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология Алматы, 1оо2ж
2. Ә. Төлеуов. Сөз таптары. Алматы 1оо0ж.
3. Хасенов А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы
4. Иасев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Алматы. Ана тілі. 1оо2ж.
5. Қасымова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі к:рделі етістіктер. Алматы, 1ооуж

у. @.Қалиев, Н.Оралбаева, Б.Қасымова. Қазіргі қазақ тілі. Алмты. Ана тілі, 1ооuж.

**ЕТІСТІКТІҢ РАЙ, ШАҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ**

**Ж О С П А Р Ы :**

1. Етістіктің рай категориясына сипаттама.
2. Ашық рай мен неғайбыл рай, олардың бір-бірінен айырмашылықтары
3. Шақ категориясына жалпы сипаттама.



К:рделі сөздердің қай-қайсысы болса да әуел бастағы жай сөз тіркесінен шыққан. Бұлардың қалыптасуына әр қилы синтаксистік амал-тәсілдер негіз болған. Сөздердің к:рделену процесі бірден туа салатын және тез қалыптаса қоятын құбылыс емес, ұзақ процестерді басынан кешіретін тарихи құбылыс. Осындай процестер :стінде морфологиялық және синтаксистік тәсілдердің к:рделі сөз тудырудағы арақатынастарына әр алуан фонетикалық, лексика-семантикалық және грамматикалық факторлар да араласып, әр қайсысы өзінше әр қилы дәрежеде :лестерін қосып, сол қатынастарының дамуына жәрдем етеді.

Фонетикалық фактор. К:рделі сөздердің компоненттерінің әр қилы дыбыстық өзгерістерге ұшырауын фонетикалық фактор деп атаймыз. Мысалы: б:гін, биыл, ағайын, қайны, белбеу, әкел, әпер, т:регел, сөйт, өйткені тәрізді к:рделі сөздер осындағы көрсетілгендей к:йге әр қилы дыбыстық өзгерістерге ұшырау арқылы жеткен. Ол өзгерістердің болуына ассимиляция, диссимиляция, :ндесу, сіңісу сияқты әр алуан заңдар қатынасқан.

Лексика-семантикалық фактор. Әуелгі жай сөз тіркестерінің идиомалану, лекскиалану, делексикалану құбылыстарын лексика-семантикалық фактор деп атаймыз. Мысалы: қырғи қабақ болу, ат ұсті қарау, қас пен көздің арасында (идиомалану), темір жол, ж:к аяқ, аққу, атшабар, ала өкпе (лексикалану), былтыр, т:неуг:ні, ышқыр, аласабыр (делексикалану) т.б.

Белгілі бір грамматикалық категорияға тән бір алуан сөздерден я қайталану, я қосарлану, я тіркесу арқылы к:рделі сөз жасалады. Бірақ ол сөздерден жаңа лексикалық мағына тумайды, олар тек грамматикалық мағына білдіреді. Мысалы: тау-тау астық, кімде-кім, қай-қайдағы, әрең-әрең, :лкен-кіші т.б.

Сөйтіп, к:рделі сөздердің лексикалық мағынасы өзгермей тек ғана грамматикалық мағынасы өзгерсе, ол процесс грамматикалану деп аталады.

Қазақ тіліндегі к:рделі сөздер сыртқы кескін тұрпатына қарай я біріккен, я қосарланған, я тіркескен, я қысқарған сөздер т:рінде кездеседі.

Қазақ тіліндегі қос сөздердің құрамдарындағы компоненттер я бір сөздің ешқандай өзгеріссіз қайталануынан, я оның бір сыңарының, не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріліп жамалуынан құралады немесе морфологиялық жағынан бір тектес я синоним, я антоним сөздерден салаласып құралады. Сөзді қайталау және қосарлау тәсілі-өзінше ерекшелігі мол құнарлы ж:йе. Бұл ж:йе бойынша сөзді қайталаудан, я қосарлаудан белгілі мағыналар туады. Зерттеушілер қазақ тіліндегі қос сөздерді қайталама және қосарлама қос сөздер деп

екіге бөледі.

Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздің я қосымшасыз, я қосымшалы т:рінің екі ретқайталануы арқылы, я сол с өздің не бір дыбысының немесе бір буынының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: жол-жол, тау-тау, сөйлей-сөйлей, ат-мат, өзді-өзіне, қолма-қол т.б. Қайталама қос сөздер компоненттерінің ерекшеліктеріне сәйкес, қалыптасқан сыртқы дыбыстық және морфологиялық формаларының өзгешеліктеріне сәйкес, қалыптасқан сыртқы дыбыстық және морфологиялық формаларының өзгешеліктеріне қарай төрт т:рлі болады.

1. Қосымшасыз т:бірдің қайталануынан құралатын сөздер. (қора-қора, мая-мая, кім-кім, биік-биік)

2. Қосымшалы т:бірдің қайталануынан құралатын қос сөздер. (бара-бара, сөйлей-сөйлей, :йді-:йге, өзінен-өзі)

3. Бір сыңарының дыбысы өзгеріп құралатын қос сөздерге кісі-мисі, қағаз-мағаз, шай-пай, қалт-құлт сияқты формалар жатады.

4. Бір сыңары ықшамдалып қайталанатын қос сөздерге ап-ащы, жап-жақсы, кіп-кішкене, теп-тегіс сап-сияқтылар жатады.

Қайталама қос сөздер тіліміздегі негізгі грамматикалық сөз таптарының бәрінен де жасалады. және қайталанатын сөз қай сөз табына тән болса, туған қайталама сөз де сол сөз табына қатысты болады. Мысалы: шелек-шелек, тау-тау, жақсы-жақсы, бір-бір, кім-кім, айт та айт, әрең-әрең, бұрқ-бұрқ,.

Қайталама қос сөздердің т:р-т:рлерінің өзара мағыналық айырмашылықтары сол сөздердің қайталау т:рлеріне, олардың сыртқы морфологиялық формаларына байланысты. Себебі қайталаудың әрбір т:рі я :лгісі тиісті семантикалық я грамматикалық мағына тудыратын грамматикалық флрма ретінде қалыптасқан тәсілдер деуге болады. Өйткені қайталама қос сөздердің формаларын да басқа-басқақаншалықты т:р болса, олардың соншалыты мағыналық реңктері де болады. Демек өзіне тән ерекшелігі бар әрбір мағыналық реңктің өзіне лайық формасы да болады.

Қайталама қос сөздердің ішінде арасына -ма, (-ме, ба) қосалқыланып айтылатын қос сөздің (қарсыма-қарсы), бетпе-бет, орны өзінше бір басқа. Бұл форма қазақ тілінде аса құнарлы емес және өзге топтардан оның семантикасы мен қызметі де өзгеше. Мысалы: көзбе-көз кездестім, қолма-қол тапсырдым дегендердегі қос сөздер 1) амал мен істің біреу арқылы емес екі субьектінің арасында тікелей болатынын білдіреді, 2) бұл сөздер тек етістік сөздермен тіркеседі, 3) сөйлемде олар тек ғана пысықтыуыш болып, адвербиалдық қызмет қана атқарады. Жалпы алғанда, бір сөздің қайталануы арқылы жасалатын к:рделі есімдер обьективтік өмірде кездесетін заттарда я басқа құбылыстарда және олардың әр т:рлі қарым-қатынастарында болатын көбею, топталуы, еселеу, жіктелу, саралау, бөліну сияқты жай к:йлерді я



Бұл категорияның арнаулы формалары бар. Олар мыналар: 1)-ып, -іп, -п, 2) -а, -е, -й, 3) -ғалы, -гелі, -қалы, -келі, 4) -ғанша, -генше, -қанша, -кенше.

Көсемшелердің әбден қалыптасқан дағдылы қызметі етістіктің белгісін білдіру болады. Көсемшелер ол :шін өздерінің қосымшаларын дәнекер етеді және көсемшелердің осы семантикасында сәл де болса, шақтық мән я оның нышаны болады. Шаққа қатысына қарай көсемшелерге төмендегідей қысқаша сипаттама беріледі.

1) Өткен шақ көсемше етістік негізіне -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -ғанша, -генше қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Өткен шақ көсемшенің бірінші т:рінің мағынасы да, қызметі де орасан көп. Олардың кейбір негізгі сыр - сипаттары мынадай : Бұл форма дара т:рде де, қайталанып та, қосарланып та, тізбектеліп те жұмсала береді.

Көсемшелер мезгіл мәнін шақ категориясындай толық білдірмегенімен, оның бір нышанын контексте білдіре алады. Осы соңғы қасиет көсемшелердің өзге формаларынан гөрі -ып, -іп, -п формалы т:рінде айқын білінеді. Мысалы: Мен барыппын, сіз барыпсыз, ол барыпты дегендердің бәрінде де өткен шақ мәні бар. Қар жауып, :й суыды деген құрмалас сөйлемнің бағыныңқысындағы жіктелмей тұрған баяндауыштан да өткен шақ мәні анық байқалады.

Көсемшенің -ғалы, -гелі, -ғанша, -генше жұрнақтарының шақтық мәні контексте қолданылу ыңғайына қарай, бірде өткен шақ, бірде келер шақ реңкіне көшіп отырады. Мысалы: Сізбен танысқалы көп болған сияқты.

Осы шақ көсемше. Бұл формаға -а, -е, -й жұрнақтары арқылы жасалатын көсемше жатады. Бұл көсемшенің де мағынасы мен қызметі орасан көп. Оның негізгі сипаты төмендегідей: 1) -ып формалы көсемше сияқты амалдың белгісін, мезгілін, тәсілін, мақсатын, себебін , басқа амалмен жарыстырыла я жол-жөнекей істелу сипаттарын білдіреді. Мен ж:ре келе көп нәрсеге т:сіндім. 2) Құрмаластың бағыныңқысында, жалаң және жай сөйлемдерде баяндауыш болады. Мыс: Құс ұшады, бұзау мөңірейді. 3) Көбінесе аналитикалық етістіктің жетекші компоненті болады. Мысалы: Айта сал, бере тұр, ала қой құлай кетті. Көсемшенің бұл т:рі әдетте, ауыспалы осы шақ формасы деп аталады. Қолданылу ыңғайына қарай бұл форма контексте осы шақ мәнін де, келер шақ мәнін де білдіреді.

3) Келер шақ көсемше. Бұл форма -а, -е, -й, -ғалы, -гелі, ғанша, -генше жұрнақтары арқылы жасалады. Осы :ш қосымша да көсемшенің өткен шақ және осы шақ т:рлерін жасауға қатысатындықтан оларды ауыспалы келер шақ деп атауға әбден болады. Ал бұл жұрнақтардың ауыспалы келер шақ мәнін жасаудағы қызметі тек баяндауышпен

жұрнағы арқылы жасалған форма сөйлемнің қай орнында қалай т:рлендіріліп жұмсалса да және құрамы жалаң я к:рделі т:рде қолданылса да, дәйім өткен шақ мәнін білдіреді. Мысалы: Мен ол кісіні талай көргенмін, талай әңгімелескенмін. -атын, -етін жұрнағы арқылы жасалатын есімшенің қай мезгілді білдіруі контекске байланысты, өйткені оның қай шақты білдіруі айналасындағы сөздерге қарай ауысып отырады. Мысалы: Біздер уақыт-уақыт жиналатынбыз да, әлеуметтік жай, әдебиет мәселелері жөнінде пікір алысатынбыз, тіпті кейде қатты таласатынбыз сияқты тіркесте өткен бір кездерде болған іс-әрекет жөнінде сөз болып отырғаны айқын.

2. Есімшенің осы шақ т:рі контекске қарай -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнағы арқылы жасалады. Бірақ бұл осы шақтық мағынасы сөйлесі отырған кезді дәл атамайды, дағдыға, әдетке айналған, :йреншікті болған, жалпы ж:зеге асып отыратыня істеліп жататын әрекетті білдіреді. Мысалы: Сенің алғаның да, алатының да, аларың да ылғи алғыс дегендегі алғаның -өткен шақ, алатының -осы шақ, аларың -келер шақ екені к:мәнсіз.

3. Есімшенің келер шақ т:рі етістік негізіне -ар, -ер, -р жұрнағы мен -мақ, -мек, -бақ, -пақ жұрнағы жалғану арқылы жасалады. -ар жұрнағы арқылы жасалған есімше сөйлемде қай орында, қандай сөйлем м:шесі болса да семантика жағынан :немі келер шақ мағынасын білдіреді. Мысалы: Қайта кірер есікті қатты жаппа. -мақ -мек жұрнағы арқылы жасалған есімше амал-әрекеттің алдағы уақытта ж:зеге асуы анық, айқын екенін білдіреді. Мысалы: Олар осында келмек, біз оларды к:тпекпіз.

Етістік негіздерінен арнаулы қосмшалар арқылы жасалып, тиісті дәрежеде шақтық, модальдік және басқа мәндерді білдіретін ерекше формалар көсемшелер категориясы деп аталады. Көсемшелер етістіктің жалаң және к:рделі негіздеріне, қимыл атауларына, есімшелерге, рай формаларына, көсемшелердің өздерінен басқа ешбір дәнекерсіз-ақ еркін тіркесіп, олардың юелгілерін, сипаттарын білдіреді де, сөйлемде көбінесе динамикалы адвербиал (етістіктен болған пысықтауыш) болып қызмет атқарады. Көсемшелердің осы қасиеті оларды етістіктің өзге формаларынан ерекшелендіріп отыратын негізгі жалпы грамматикалық сипаты болады. Мысалы: Ол к:ле сөйледі, к:ле сөйлесіп отырды.

Мұнымен қатар көсемшелердің барлық т:рлері де бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола береді, бірақ олардың ішінен тек жіктелген т:рлері (-ып, -іп,-п, -а, -е, -й ) ғана басыңқы сөйлемнің баяндауышы болады. Мысалы: Жаңбыр жауып, жер көгерді, Біз бұл кітапты оқыппыз. Қазір :йге қайтамыз.

Көсемшелер жеке-дара сөз есебінде қолданылмайды, морфологиялық жағынан т:рленбейді, демек, көптік, тәуелдік, септік қосымшалары қосылмайды, тек әредік ғана жіктеледі, пысықтауыш және баяндауыш ғана болады.



көбейтіп топ-тобымен, я бөліп жік-жігімен, я саралап сала-саласымен атап, тәртештеп білдіретін форма ретінде қызмет етеді.

Қосарлама қос сөздер лексикалық мағынасы басқа-басқа екі т:рлі сөзден құралады. Мысалы: ата-ана, :лкен-кіші, жатса-тұрса, алды-арты, іші-сырты т.б.

Қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес сөздерден құралады. Мысалы: әке-шеше, алты-жеті, алды-арты, ойнап-к:ліп деген тәрізді сөздердің әрқайсысының компоненттері мағына жағынан бір-біріне орай, өзара ыңғайлас сөздер, олар морфологиялық төркіні жағынан да, бір тектес, демек белгілі бір ғана сөз табына тән, әрі формалары біркелкі сөздер, әрі қос сөздердің компоненттері синтаксистік қызметі жағынан бір-біріне бағынбай салаласа құрылған к:рделі сөздің бір-бірімен тең табиғи бөлшектері есебінде қызмет етеді. Бұл аталған :ш т:рлі ерекшелік қосарлама сөздердің к:рделі сөз болып жасалуына негізгі таяныш болумен бірге, олардың өзге к:рделі сөздерден ажырауына да негізгі белгі есебінде қызмет етеді.

Қосарлама қос сөздерді компоненттерінің морфологиялық құрамына және сөз таптарына қатынасына қарай бөліп, оларға да өзінше тиісті сипаттама беруге болады.

1. Компоненттерінің морфологиялық құрылымына қарай қосарлама сөздерді екі топқа бөлуге болады: а) негізгі т:бірден құралған қосарлама сөздер (ас-су, бала-шаға) ә) туынды формалардан туған қосарлама сөздер (азды-көпті, алым-берім, жауын-шашын)

2. Жалпы қос сөздер, оның ішінде қосарлама сөздер тіліміздегі негізгі грамматикалық сөз таптарын т:гел қамтиды да, өздері сол сөз таптарына қатысты болады. Мысалы: азық-т:лік, дәм-тұз, бес-алты, олай-бұлай абыр-сабыр т.б.

Қазақ тілінде екі я одан да көп сөздер бірігіп, бір лексикалық мағына беріп, біртұтас сөз жасайды:орынбасар, көкөніс, балмұздақ т.б. Біріккен сөз екі т:рлі: біріккен сөз, кіріккен сөз. Біріккен сөз деп компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан де елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін к:рделі сөзді айтамыз.Мысалы: қарақат, шамшырақ, жансая, жанұя т.б.

Кіріккен сөз деп компоненттерінің біреуі я екеуі де бірдей әуелгі өз мағыналарынан айрылып, тұтасымен тұрып басқа бір жалпы мағына білдіретін және сонымен бірге сол компоненттері фонетикалық жағынан әр қилы өзгерістерге ұшырап, бір-бірімен белгілі дәрежеде әрі :ндесіп, әрі ықшамдалып құралған к:рделі сөзді айтамыз. Мысалы: қарлығаш, белбеу, әкел, былтыр т.б. Кіріккен сөздер компоненттерінің өзгеру

сипатына қарай екі салаға бөлінеді. Бірінші топқа екі компоненті бірдей дыбыстық өзгеріске ұшырап біріккен: б:гін, биыл, бәрекелді, т:регел сияқтылар жатса, екінші топқа тек бірсыңары ғана өзгерген алаңғасар, алагеуім, итаршы, керенау, таңертең, ағайын тәрізділер жатады.

К:рделі сөздердің өзге т:рлері сияқты, кіріккен сөздер де, біріккен сөздер де белгілі грамматикалық сөз таптарына телулі болады. Мысалы: б:гін, биыл, ендігәрі деген кіріккен сөздер :стеу болса, әкел, әкет дегендер етістік болады. Ал сексен, тоқсан дегендер -сан есімдер т.б. Сондай-ақ шекара, демалыс, асқазан, ақсақал дегендер зат есімге жатады да, ал әлдекім, әркім деген біріккен сөздер есімдік болады.

Қысқарған сөздер де қазіргі тіліміздегі сөздердің белгілі бір тобына жатады. К:рделі атау сөздердің бір алуандарының әрі қысқартылып, әрі біріктіріліп жұмсалу жолы Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде орыс тілінің әсерінен келіп туды деуге болады.

Төңкерістен кейін мазмұны жағынан да, т:рі жағынан да жаңа әр алуан әлеуметтік, қоғамдық ұйымдар мен мекемелер пайда болғаны мәлім. Сол ұйымдар мен мекемелердің аттары әдетте, бірнеше сөз арқылы аталатын болды. Орыс тілінің ықпалымен қазақ тілінің де сөйлеу, жазу дағдысында жиі қолданылатын ондай суреттеме атауларды қысқартып жазу дәст:рі туды. Осының нәтижесінде қысқарған сөздер әдеби тілдің жазбаша т:рінде к:рделі сөздердің белгілі бір т:рі болып қалыптасты. Мысалы: ТМД-Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, пединститут т.б. Қазақ тіліндегі сөздер :ш т:рлі жолмен қысқарған:

1) Орыс тілінде де, қазақ тілінде де құрамындағы сөздердің толық т:рінің де, қысқарған т:рінің де тіркесу реттері бірыңғай келетін сөздер, мысалы: ҚазМИ (Қазақ медициналық институты), ҚазТАГ (Қазақстан телеграф агенттігі), обком (облыстық комитеті)

2) Қазақ тілінің өзіне тән сөз тіркесу заңына лайық қысқартылып ж:рген сөздер: ХДП-Халық демократиялық партиясы.

3) Орыс тіліндегі сөз тіркесу заңына лайық қысқарып, жалпы қазақ жұртшылығына т:сінікті болып енген сөздер: колхоз, совхоз, медшкол т.б.

К:рделі атау сөздер мынадай төрт т:рлі тәсілмен қысқарады:

1) К:рделі атау сөздердің құрамдарындағы әрбір жеке сөздің тек басқы дыбыстарынан ғана қысқарып бірігеді: БҰҰ, ҚМУ, НМПИ

2) К:рделі атаулардың құрамдарындағы бірінші сөздің басқы буынынан және соңғы сөздердің басқы дыбыстарынан қысқарып бірігеді. ҚазМУ, ТашМПИ.

3) К:рделі атаулардың құрамдарындағы әрбір сөздің басқы буындарынан ғана қысқарып бірігеді: обком, колхоз, партком.

4) К:рделі атаулардың құрамдарындағы алғашқы сөздің басқы буынынан және соңғы сөздің т:бір к:йінде айтылуынан құралады:



құрамына да ене береді.

Бір алуан жұрнақтар етістік негізіне жалғанып олардан етістік қасиеті де, есім қасиеті де бар есімше деп аталатын жаңа категория тудырады. Есімге де, етістікке де телулі бұл категорияға тән формалар қолданылу ыңғайына қарай көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларында жұмсалып, сөйлемнің барлық м:шелері бола алады. Мысалы: Біздің білетіндеріміз -осылар. Құлақ естігенді, көз көреді. Айтылар сөз айтылды. Біз ертең киноға бармақпыз. Алармаңға алтау аз, берерменге бесеу көп деген сөйлемдерді алсақ, олардағы білетіндеріміз-бастауыш есіткенді - толықтауыш, айталыр - анықтауыш, бармақпыз-баяндауыш болып тұр. Бұдан есімшелерге көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары мен жұрнақтар қосылу нәтижесінде олардың қолданылу аясы кеңейіп, синтаксистік қызметтерінің өрісі ұлғаятыны және осы ерекшелік қазақ тіліндегі есімшелерге :йреншікті екені анық көрінеді. Оның бер жағында есімшелердің бұл ерекшелігі олардың әуелгі төркіні қимыл атаулары болып, бұрын осындай қызметтерді атқаратын машықтары кейінгі кездерде де бойларында сақталып қалғанын атай кеткен жөн. Бірақ есімшелр қимыл атауынан алған әдет - машықтарын бойларында сақтаумен қатар, етістікке тән қасиеттерін де ұмытпаған.

Сонымен, көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларында т:рленіп, сөйлемде барлық м:ше бола алатын морфологиялық және синтаксистік сипаттары бар, амал - әрекеттің атауы болу семантикасы мен шақтық ұғымды білдіру қабілеттері де бар формалар есімшелер категориясы деп аталады.

Есімшелерге :йреншікті сипат болып қалыптасқан субстантивтік, атрибуттық, предикаттық қызметтер бұл формалардың жалпы жалпы грамматикалық та, жалқы грамматикалық та мағыналарынан туған. Бірақ есімшелер осы функцияларда амал - әрекет т:рінде емес, қимылдың белгісі я сипаты т:рінде көрсетеді, өйткені, әдетте субьектінің қимылын білдіретін етістіктер есімшеге айналғанда сол субьектінің қимылана емес, оның белгісіне көшеді. Дегенмен сөйлемде қандай қызмет атқарса, есімшелер өздерінің негізгі сипатынан-шақтық мәнді білдіру қабілетінен айрылмайды. Осы сипатына қарапесімшелер категориясы есімдер тобына емес, етістіктер тобында қаралады. Ендеше, есімшелер етістікке жіктелу қабілетіне қарап жатқызылмайды, шақ сипаты болатындығына қарай жатқызылады және есімшелерді топтастырғанда, олардың осы сипаты негізге алынады.

Осы айтылған сипатына қарай есімше формалары өткен шақ есімше, осы шақ есімше, келер шақ есімше болып :ш салаға бөлінеді.

1. Есімшенің өткен шақ т:рі етістік негізіне -ған (-ген, -қан,-кен) жұрнағы мен -атын, -етін жұрнағы жалғану арқылы жасалады. –ған

Мысалы: тара-н, жу-ын, ор-ан ки-ін.

Амал-әрекеттің болу я болмауы немесе тынуы я тынбай қалуы-табиғи құбылыс. Осы табиғи құбылысқа қатысты амал-әрекеттің ж:зеге асуы я аспауы тілде арнаулы формалар арқылы айтылады.

Іс-әрекеттің ж:зеге асуын білдіретін форма етістіктің болымды т:рі деп аталады. Да, ж:зеге аспауын білдіретін форма етістіктің болымсыз т:рі деп аталады.

Әдетте, етістіктің болымды т:рі кәдімгі т:бір, туынды және к:рделі формалар арқылы білдірсе, болымсыз т:рі сол формаларға я негіздерге арнаулы -ма (-ма,-ме, -ба, -бе,-па,-пе) қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Етістік негіздерінен туатын оның өзге формаларының бәрі де осы болымсыз т:р қосымшасынан кейін тұрады. Мысалы: барма-у, келме-у, бар-ма-ғалы, бар-ма-са т.т.

Айтылмақшы ойдың стильдік талабы мен талғамына қарай, к:рделі етістіктерде болымсыздық қосымшасы жетекші етістікке де, көмекші етістікке де немесе солардың біреуіне ғана жалғанып жұмсала береді. Мысалы: алмай қойды, алмай қоймайды т.т.

Етістіктің есімше, көсемше, рай, шақ және басқа формаларына айтылмақшы мағына реңкіне, стиль талабына қарай болымсыздық мән білдіретін емес, жоқ сөздері де қолданыла береді. Мысалы: көрген емеспін, көрген жоқпын, барғамыз жоқ, көрмей емес.

Қимыл атауы істің я әрекеттің нақтылы процесін білдірмей, тек оның атауы ретінде қызмет ететіндіктен, онда шақтық ұғым болмайды. осы себептен етістікке тән арнаулы грамматикалық формалар, яғни есімше, көсемше, рай, шақ, жақ формалары қимыл атауына тікелей жалғанбайды. Қимыл атауы семантика лық жағынан да, т:рленуі (формалары) жағынан да етістіктен гөрі зат есімге жақын. Сол себептен қимыл атауына, қолданылу ыңғайына қарай, есімдерге тән көптік, тәуелдік, септік жалғаулыры жалғана береді, бірақ оған еш уақытта да жіктік жалғауының қосымшасы жалғанбайды. Мысалы: сендердің б:гін келулерің қажет, мына киноны көрулеріңізге болады т.б.

Қимыл атауына -лы, -сыз, -лық, -шылық, -ыш, -дай тәрізді жұрнақтар қосылып. туынды есімдер жасала береді. Мысалы: жазулы, байлаулы, айтушы, айтты т.б.

Етістік негізінен -у ж:рнағы арқылы туған кейбір формалар қимыл атауы ретінде жұмсауларымен қатар, субстантивтеніп, адьективтеніп зат я сын есімдер қатарына көшкен. Бұл құбылыс қимыл атауының есімге жақындығының айғағы. Мысалы: бұрау, жамау, құрау, көсеу, т:зу т.б.

Қимыл атауы сөйлеу талабына лайық тиісті жұрнақтар мен жалғаулар қосылып т:рленуіне орай өзге де негігі және көмекші сөздермен тіркесуіне қарай, сөйлемде дербес м:ше де бола алады, к:рделі м:шенің



пединститут, мединститут.

Қысқарған сөздердің айтылуы жазылуындай бола бермейді. Басқы дыбыстардан қысқарған сөздер бірыңғай бас әріптермен бір сөз ретінде қосылып жазылады. Мысалы: АҚШ, ТМД, БҰҰ.

Бірінші сөздің басқы буынынан және соңғы сөздердің басқы дыбыстарынан қысқарған сөздер араларына ешқандай белгі қойылмай, алғашқы буынның бірінші дыбысы және соңғы сөздерден алынған әрбір жеке дыбыс бас әріппен жазылады (ҚазМИ, ҚазМУ)

Әрбір сөздің басқы буындарынан қысқарған сөздер де, алғашқы сөздің буыны мен соңғы тұтас сөзден бірігіп қысқарған сөздер де, араларына ешқандай белгілер қойылмай, бірыңғай кіші әріппен бірге жазылады (пединститут)

Қысқарған сөздердің қатарына шартты таңбалар да жатады. Бірақ бұлар жоғарыдағы к:рделі атаулардай емес, тек жазу ж:зінде қолданылатын белгілер ретінде ғана жұмсалады.

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. К:рделі сөздер дегеніміз не?
2. Сөздердің к:рделену процесіне қандай факторлар әсер етеді?
3.Қазақ тіліндегі к:рделі сөздер неше топқа бөлінеді?
4. Қос сөздерге сипаттама берің. Қайталама және қосарлама қос сөздер дегеніміз не, олар қалай жасалады?
5. Біріккен сөздер дегеніміз не, оның негізгі т:рлері қандай?
6. Қысқарған сөздер тіл білімінде не деп аталады?
7. Қазақ тіліндегі сөздер неше т:рлі тәсілмен қысқарады?

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. С.Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Алматы, 1oouж.
2. К.Аханов. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1ou5ж.
3. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1oo2ж.
4. Г.Жаркешова. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1oo0ж.
5. Кеңесбаев І. Қос сөздердің кейбір жасалу жолдары. Алматы, 1ooуж

## СӨЗ ТАПТАРЫН ТОПТАСТЫРУ

**Ж О С П А Р Ы :**

1. Сөз таптары туралы т:сінік

2. Қазақ тіліндегі негізгі сөз таптары
а) Атауыш сөздер
ә) Көмекші сөздер
б) Одағай сөздер
3. Сөз таптарын топтастыру принциптері

**Тірек сөздер:** сөз таптары мен топтары туралы т:сінік, атауыш сөз, көмекші сөздер, одағай сөздер, т:рлері, ерекшеліктері туралы жалпы сипаттама.

Сөз таптары жөніндегі мәселені бағдарлау әрі тілдің құрылымының, әрі сөздің құрылымының теориялық та, практикалық та мәселелерін терең зерттеу, жете білу :шін керек. Мысалы, бастауыш, орта, жоғары мектептерде тілді оқытудың негізгі т:йіндері сайып келгенде, сөз таптарына, солардың айналасына шоқталады, сондай-ақ тілдің грамматикалық құрылымына байланысты көптеген мәселелерді алсақ, оларды сөз таптарына зерттеу де, шешу де м:мкін емес. Солай болса сөз таптары жайындағы мәселелер тілдің грамматикалық құрылысының, сөздің грамматикалық құрылымының әрі кіндік қазығы, әрі негізгі арқауы сияқты мәселелер. Шынында сөз табы грамматиканың көптеген т:йіндерін шешетін арқау ғана емес, оны лексикамен байланыстыратын да негізгі баспалдақ сияқты. Тілдегі сөздерді грамматикалық топтарға бөлу, оларға тиісті грамматикалық сипаттамалар беру, алды-алдына талдау грамматиканың негізгі өзегі, ең т:йінді, ең басты мәселесі.

Қазақ тіліндегі барлық сөздер семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай ең алдымен :ш :лкен топқа бөлінеді. Олар: атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер.

Атауыш сөздер өздеріне тән дербес мағыналары болғандықтан, контекстен тыс та, контексте те қажетіне қарай қолданыла береді: олар сөйлемде грамматиканың заңы бойынша т:рленіп те, т:рленбей де жұмсалып, өз алдына м:ше бола алады. Ол сөздерден қалыптасқан белгілі тәсілдер бойынша жаңа сөздер тудыруға да болады. Сөйтіп, атаушы сөздер дегеніміз-өздеріне тән лексикалық та, грамматикалық та мағыналары бар және ретіне қарай, :стеріне әр қилы қосымша реңдер жамап алып, өзге сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа т:се алатын дербес сөздер.

Атаушы сөздер-осы :ш топтың ішіндегі әр алуан ең көбі де, әрі ең негізгі ұйтқысы және тіліміздің б:кіл сөз байлығының барлық шұрайы да, негізі де болып табылады. Атаушы сөздерді, ерекшеліктері мен сипаттарының бір-біріне жақын белгілеріне қарай, іштей бірнеше лексика-грамматикалық топтарға бөлуге болады. Мысалы, оларды ең аллдымен есімдер және етістіктер деген екі салаға бөлуге болады. Бірақ, есімдер де іштей бірдей емес. Мысалы, зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер ішінара ұқсас, :стеу сөздер мен еліктеу сөздер өзара бір-біріне жақын. Осыған орай,



ақылы артты деген сөйлемдер құрауға болады. Ал мұндай етістіктердің әрқайсысы әрі салт, әрі сабақты болып қызмет атқарады.

Етістіктен етістік тудыратын өздерінше морфологиялық және синтакасистік сипаттары басқашалау болып келетін бір алуан жұрнақтардың ж:йесі әдетте етістер я етіс категориясы деп аталады. Етістерді етістіктердің өзге категорияларынан ерекшелендіріп тұратын сипаттары мынадай:ол онан жөн сұрады, олар бір-бірінен жөн сұрасты, ол онан жөн сұратты, онан жөн сұралды, ол өзі сұранды деген сөйлемдердегі етістік формалардың соңдарындағы өткен шақтың қосымшасын алып тастағаннан кейінгі етістіктерді бір-бірімен салыстырғанда олар бір т:бірден тараған т:бірлес сөздер екендігі айқындалады.

Етіс категориясы деп амалдың субьекті мен обьектіге қатысын, сондай-ақ керісінше субьекті мен обьектінің амалға қатысын білдіретін формалардың ж:йесін атаймыз. Бұл формаларда сөз тудыру қабілеті де, сөйлемдегі сөздердің синтаксистік құрылысын өзгерту қабілеті де болады. Етістер жұрнақтарының т:рлеріне, олардың мағыналыры мен қызметтеріне қарай төмендегідей бес т:рге бөлінеді: негізгі етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс, өздік етіс.

1. Негізгі етістіктің арнаулы көрсеткіші болмайды. Оған әрбір т:бір я туынды етістіктердің де, к:рделі етістіктердің де негіздері жатады. Негізгі етіс деп өзге етіс формаларына таяныш - негіз болатын, солардың т:рлерін, мағыналарын, қызметтерін салыстырып айқындайтын форманы айтамыз. (Бар, кел, сөйле, шөлде,ақта, арала, қарайла, оян қуан т.б.)

2. Ортақ етіс -с, -ыс, -іс жұрнағы арқылы негізгі етіс формасынан жасалады. Бұл жұрнақ негізгі етістікке амалды (істі) кемі екі я оннан да аса субьекті қатысып ж:зеге асыратындықты білдіретін мән :стейді, демек бірнеше субьектінің қатысы арқылы ж:зеге асатын амалды білдіреді. Мысалы: айтыс, әкеліс, апарыс, қарас, таныс, көмек, көрсетіс т.б.

3. Өзгелік етіс -т, -тыр, -тір, -дыр, -дір, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз жұрнақтары арқылы және сол жұрнақтардың қабаттаса жалғануы арқылы негізгі етіс формасынан жасалады.

4. Ырықсыз етіс -ыл, -іл, -л жұрнағы арқылы жасалады. Бұл жұрнақ етістік негізінің мағынасына амал ырықсыз істелетіндей мән жамайды, :стейді, бірақ ол формадан амалды кім істегені, яғни субьектісі көрінбейді де, көбінесе логикалық обьекті есебінде қызмет етеді. Мысалы: қой қамалды, :й жиналды, жіп :зілді.

5. Өздік етіс -ын, -ін, -н жұрнағы етістік негізіне жалғану арқылы жасалыды. Бұл жұрнақ етістік негізіне амалдың шарпуы я нәтижесі оны жасаушы субьектінің өзіне тиетінін білдіретіндей мән жамайды.

ет, алып бер дегендер жатады.

Сонымен құрылысы мен құрамына қарай етістіктерді жалаң және к:рделі деп бөлу етістік негіздерінің осындай нұсқаларына байланысты туады. Жалаң етістіктің де, к:рделі етістіктің де лексика - семантикалық мағынасы осы негіздерге байланысты болады.

Етістіктің салттық, сабақтылық семантикасы да осы негіздерге қарап анықталады. Мысалы: ал, айт, ая, арала, орна, к:л сияқты негіздер кімдіҰ нені? деген сұрауға жауап беретін табыс жалғаулы сөздерге сабақталып тұрады. Ал, бар, к:л, қажы, көз жібер сияқты негіздер табыс жалғаулы сөздерге сабақталмай, өздерін салт ұстайды.

Етістіктің қай-қайсысы болсын, мейлі ол іс я әрекетті атасын, мейлі қимыл я қозғалысты атасын бәрі бір-субьекті жасайтын амал-әрекетті немесе процесті білдіреді. Сондай-ақ іс я процесс сөйлеу тілінде обьектіге не тікелей тіреліп, сабақталып, не тірелмей, жанай ж:зеге асырылып жатады. Етістіктің осылайша обьектіні тікелей керек ету я керек етпеуі оның жалпы грамматикалық семантикасына байланысты. Мысалы: кейбір етістіктер сөйлемде қолданылғанда табыс септікті сөзді-тура толықтауышты керек етіп, сабақталуды тілеп тұрса кейбір етістіктер табыс септікті сөзді қаламай - ақ оған сабақталмай-ақ салт к:йінде жұмсалып тұрады. Етістіктің табыс септіктегі сөздікерек ету якерек етпеу қасиеті олардың синтаксистік жағынан тура толықтауышты меңгеру я меңгермеу қабілетіне байланысты қалыптасқан. Сен кітапты ал да, :йге қайт деген құрмалас сөйлемнің алғашқысындағы амалда (ал) бірдемені алуды керек етіп, соған тіркелетіндей, сабақталатындай қабілет болса, соңғы сөйлемдегі амал (қайт) ондай обьектіні керек етпей, оны жанай тек :йге қарай кету бағытын ғана білдіріп тұр.

Аш, айт, бақ, бер, ек, ем, жаз, жай, сеп, сыз, тап, тер, :з, :й, ыл, іл етістіктерін алсақ бұлардың бәрі де қолдана қалсаңыз кімді? нені? деген сұрауларға жауап беретін табыс септіктегі сөзге сабақталады. Сөйлеу тілінде табыс септікті сөзді демек, тура толықтауышты керек ететін семантикасы бар осындай етістіктер сабақты етістіктер деп аталады.

Етістіктердің ішінде кімді? нені? деген сұрауларға жауап к:тпейтін, табыс септіктегі сөзге сабақталмай-ақ жұмсала беретін етісіктер де көп. Мысалы: ау, бар, бұқ, жат, жур, тол, тоң, қажы, қуан т.б. Мұндай табыс септіктегі сөзге сабақталмайтын етістіктер әдетте, салт етістіктер деп аталады.

Етістіктердің бәрі бірдей я салт, я сабақты бола бермейді. Олардың ішінде әрі салт, әрі сабақты болатындары да бар. Әдетте, мұндай қасиеттер не омоним етістіктер не полисемиялы етістіктерде болады.Мысалы: арт,ж:р, тара етістіктерін қолдана қалсақ, олардың әрқайсысынан ж:кті артық және



шартты т:рде есімдердің алғашқы тобын атаушы сөздер, соңғы тобын :стеуші есім деп екі салаға жіктеуге болады. Ал, етістіктер өз алдына бір топ. Атаушы сөздерді осылайша :ш топқа бөлу, әрине белгілі бір принципке с:йенуден шыққан. Ол принцип бойынша жіктегенде бұл сөздердің заттық мағыналары таяныш етілмейді, топ-тобына тән категориялық семантика с:йеніш етіледі. Ал, осы принципке с:йене отырып бағдарласақ, атаушы есімдер заттық ұғымдардың және ойша тұспалданатын т:сініктердің аттарын, сондай-ақ заттарға тән алуан тұрақты белгілер жайындағы т:сініктердің аттарын білдіреді.

:стеуші есімдер әр қилы іс-әрекеттің белгілерін және белгінің белгілерін білдіреді. Етістік амал-қимыл ретінде қабылданатын әр алуан іс-әрекеттің, қилы-қилы көріністерінің аттарын білдіреді. Сөйтіп, атаушы сөздердің аталған :ш тобының бір-бірінен ажырайтындай айқын-айқын шектері бар. Бірақ, олардың шекаралары жабық емес, өйткені тілдің даму процесінде есімдерден етістіктерге, керісінше, тістік терден есімдерге сөздер ауысып отырады: есімдердің өздері де іштей ауысып, мысалы кейбір сөздер зат есімнен сын есімге керісінше, сын есімнен зат есімге, өзге есімдерден есімдікке, :стеуге, сондай-ақ етістіктерден есімдерге көшіп отырады.

Көмекші сөздер мағыналық дербестігі болмайтындықтан, тек контексте атаушы сөздермен селбесіп қана жұмсалады да, өз алдына дербес сөз ретінде қолданылмайды. Осыған сәйкес, олар сөйлемде өз алдына м:ше бола алмайды, тек атаушы сөз арқылы жасалған м:шенің құрамына енеді де, сол м:шелерді өзара жалғастыруға дәнекер болады: көмекші сөздерден негізінде жаңа сөздер жасалмайды. Өйткені көмекші сөздер дегеніміз-өздеріне тән лексикалық мағыналары солғындаған, лексикалық мағыналарынан гөрі грамматикалық мағыналары басым болу себебінен көбінесе әр алуан грамм атикалық қатынастарды білдіріп, әр қилы грамматикалық қызмет атқаратын жәрдемші сөздер.

Көмекші сөзде де, ерекшеліктеріне қарай, іштей, жалғаулықтар, септеуліктер, демеулікт ер деп аталытын топтарға бөлінеді. Одағай сөздер деп ешқандай ақиқат ұғымдарды білдірмейтін, тек адамның әр алуан көңіл-к:йімен әр қилы сезім райларын білдіру :шін қолданылатын бірақ олардың, атаулары есебінде жұмсалмайтын сөздерді айтамыз. Одағайлар шығу тегі мен қалыптасу табиғатының ерекшелігіне қарай, өзге сөздермен ешқандай да грамматикалық қарым-қатнасқа т:спейді. Сол себептен одағайлар белгілі бір сөйлемдерге қабаттасып, жұмсалатын жарыспа сөйлемдер ретінде жұмсалғандарымен, бірақ өздері сөйлем м:шесі бола алмайды. Одағай сөздер өзінше іштей тиісті жіктерге бөлінеді. Бірақ одағайлардың саны, семантикалық және морфологиялық ерекшелігі бірыңғай болып келетіндіктен, іштей бөлу мәселесі

соншалықты қиын соқпайды.

Бұл аталған :ш топ сөздер өзара бір-бірімен жіті байланысты. Мысалы, көмекші сөздер мен одағай сөздер :немі дерлік атаушы сөздерден нәр алып, қорланып отырады. Бұған атаушы сөздерден туған шылау сөздер мен одағай сөздердің тарихы куә. Мысалы, бәрекелді, әттегенай, тәйірай, ойпырмай, мәссаған тәрізді одағайларды, сондай-ақ, дегенмен, болмаса, сондықтан, өйткені, ендеше, біресе, бірде, шейін, туралы, сияқты, қарай, гөрі тәрізді көмекші сөздерді алсақ, осылардың бәрінің де т:пкі төркіндері-атаушы сөздер. Сонымен қатар, өзді-өздеріне тән ерекше сыр-сипаттары бар бұл :ш топтың өзді-өзіне іштей сара-сара топтарға бөлінеді.

Тілдегі барлық сөздерді граммати калық жағынан топтастырғанда екі т:рлі нысана болуы тиіс.

1) Барлық сөздер, к:ллі сөз топтары тілдің сөздік құрамына енеді. Қай сөз табына енсе де, сөздердің лексикалық жағы ескеруі тиіс. Ал, сөздердің лексикалық жағын ескеру дегн сөз-олардың семантикалық жақтарын еске алу дегенмен бірдей. Олай болса әрбір сөз табына енетін сөздер лексикалық тұрғыдан қаралып талдануы қажет.

2) Барлық сөздерді белгілі-белгілі грамматикалық сөз топтарына телу, олардың өзді-өздеріне тән т:рлену, өзгеру ж:йесін, сөйлем м:шесі болу қабылетін, өзге сөздермен тіркесу ерекшелігін анықтап, жан-жақты сипаттама беру мәселелері-тікелей граммати када қаралатын мәселелер. Ендеше қанша сөз табы болып, оларға қанша сөз енсе де, барлығының грамматикалық жақтары ескерілуі қажет. Ал, сөздердің, сөз таптарының грамматикалық жақтарын ескеру деген сөз-олардың грамматикалық сипаттарын анықтау дегенмен бірдей. Солай болса, әрбір сөз табы және оларға енетін жеке сөздер грамматикалық тұрғыдан да қаралып талдануы қажет.

Сөйтіп, тілдегі сөздерді топтастырғанда, олардың лексика-семантикалық жақтары да, грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) жақтары да бірдей ескерілуі керек.

Әдетте, сөз табы деп жалпы лексика-грамматикалық сипаттары мен белгілері бәріне бірдей ортақ болып келетін сөздердің тобын айтамыз. Ендеше, сөз табының мазмұны осындағы лексика-грамматикалық деген қос сөз арқылы айтылған екі компоненттің бірлігінен құралады. Бірақ мұндағы бірінші бөліктің мазмұнынан таза лексикалық семантиканы емес, грамматикалық семантиканы, яғни заттық, амалдық, сапалық, сандық деген тәрізді тім жалпы мағынаны білдіретін семантиканы қабылдау керек. Грамматикалық семантика деген ұғымға сөздің материалдық я лексикалық мағынасы емес, заттың атын, амал-ісін, заттың сапалық сандық я басқа белгілерін, амал мен белгінің белгілерін және басқа да солар сияқты материалдық ерекшеліктерді білдіретін семантика-грамматикалық



әбден қалыптасқан арнаулы қосымшалары қосылғанда ғана тиісті киімін киіп, дербес лексика - семантикалық мәніне ие болып, грамматикалық қызметін м:лтіксіз атқаратын формаға айналады. Өйткені етістік қосымшалары әрбір семантика-грамматикалық топтың (форманың өзіндік сипаттарын) ерекшеліктерін ашады. Ендеше, етістік формаларында жалпы қасиет те, жалқы қасиет те болады. Олардың алды - алдына сараланатын жалпы қасиеттерінен бір-бірін толықтырып, бірімен - бірі селбесіп, өз ара ұштасатын жалқы қасиеттерінен б:тін сөз табының етістікке тән барлық сыр - сипаттары құралады. Солай болса, етістік формаларынын т:р - т:рін, олардың мағыналары мен қызметтерін анықтау-етістікке қатысты сөз формаларын жан-жақты етіп талдау, білу, баяндау болмақшы. Осы тұрғыдан қарағанда, талданылмақшы етістік формаларының ж:йесі төмендегі грамматикалық категорияға бөлінеді:

1. Етістік негізі.
2. Қимыл атау категориясы.
3. Салттық және сабақтылық категориясы.
4. Етіс категориясы.
5. Болымдылық және болымсыздық категориясы.
6. Амалдың өту сипаты категориясы.
7. Есімшелер категориясы.
8. Көсемшелер категориясы.
9. Рай категориясы.
10. Шақ категориясы.

Бұл категориялардың әркайсысының мазмұны мен формалары, сондай-ақ қызметтері төменде алды-алдына баяндалады.

Етістікке тән грамматикалық формаларға да, етістіктен жасалатын барлық басқа сөз топтарына тән туынды формаларға (Есім және басқаларға) да т:п таяныш я т:п негіз есебінде қызмет ететін етістік-тұлға болады. Тілімізде осындай грамматикалық формаларының бәріне де, сондай-ақ етістіктен жасалатын басқа да сөз топтарына тән формаларға да т:п нұсқа таяныш болатын ерекше тұлға бар. Осы тұлға етістіктің негізі деп аталады. Бұл тұлға тек лексикалық негіз ғана емес, грамматикалық тұлға ретінде саналады. Бұл тұлға қашан да болсын, сөйлеуші адамның тыңдаушы адамға амал-әрекетіне ж:зеге асыруды нұсқай, сұрай, екінші сөзбен айтқанда, бұйыра өтіне айту семантикасын білдіреді. Мысалы: айт, оқы, жаз, бар, тұр.

Сыртқы құрылысы мен құрамы жағынан етістіктердің негіздері жалаң да, к:рделі де болады. Мысалы: ал, аш, бар, бас, к:л, к:т, көр, қос, қоры, нан, тер, сал дегендер - жалаң т:бір негіздер де, абайла, арала, ақылдас, бағала дегендер-жалаң туынды негіздер. Ал кемі екі я онан да көп сөздерден құралатын к:рделі негіздерге: абай бол, айғай сал, жәрдем

5. Қасымова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі к:рделі етістіктер. Алматы, 1ооуж

6. Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, Б.Қасымова. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1ооиж.

## ЕТІСТІКТІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

### Ж О С П А Р Ы:

1. Етістіктің негізгі грамматикалық категориялар туралы
2. Етістік негізі және оның т:рлері
3. Салт және сабақтық етістік
4. Етіс категориясы, т:рлері
5. Етістіктің болымдылық, болымсыздық категориясы
6. Қимыл атауы категориясы
7. Есімше және көсемше категориялары

**Тірек сөздер:** етістік негізі - етістікке тән барлық формаларға т:п-таяныш болатын т:бір сөздер, етістіктің өзіне тән негізгі грамматикалық категорияларына мыналар жатады: салт және сабақты, болымды және болымсыз, етіс, қимыл атауы, есімше, көсемше, рай, шақ т.б. сөздердің табыс септікті меңгеру және меңгермеуіне байланысты салттылық және сабақтылық категориясы жасалады, етіс категориясының негізгі етіс, өзгелік етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс , ортақ етіс, есімше, көсемше сияқты т:рлері бар т.б.

Етістік формаларының ж:йесін айқындау :шін, сол ж:йеге енетін формалардың негізгі грамматикалық сыр-сипаттарын ашып алу қажет. Өйткені ол ж:йе етістіктің арнаулы формаларынан құралады. Формалардың ерекшеліктері олардың семантикалық және морфологиялық сипаттарын анықтау нәтижесінде ашылмақ.

Грамматикалық формаларының көптігі мен мазмұнының байлығы жағынан және қызметтерінің қарымдылығы мен сан-салалығы жағынан етістіктер тіліміздегі сөз таптарының ж:йесінде төтенше орын алады. Етістіктің бұл төтенше орны: 1) оның формаларының бәріне де тән, бәріне де ортақ, бәрінде де болатын жалпы сипаттарымен, 2) сол формалардың өзді-өздеріне ғана тән, өзгелерінде жоқ жалқы ерекшеліктерімен байланысты. Өйткені етістік формаларының бәріне тән, бәріне ортақ, жалпы сипаттары оларды етістік деп аталатын :лкен категорияның айналасына шоқтайтын жалпы белгі болса, әр формаға тән жалқы ерекшеліктер оларды алды-алдына саралап, бір-бірінен ажырататын семантикалық және грамматикалық сипаттарының көрсеткіші есебінде қызмет етеді.

Етістік негізі, қашан да болсын, өзіне лайықты, :йреншікті болып,



мағыналар енеді.

Ал, қос сөздің екінші бөлігінің (грамматикалық деген компонентінің) мазмұнына белгілі бір сөзге тән грамматикалық категориялардың және олардың жасалу, т:рлену формаларының мағыналары енеді. Бұл арадағы грамматикалық мағына деген ұғымға белгілі бір сөздің жаңадан сөз тудыру, сөз т:рлендіру, сөз байланыстыру ж:йелерінің мағыналары мен формалары демек, б:кіл морфологиялық белгілері және сол сөздің сөйлемдегі қызметтері, өзге сөздермен тіркесу қабылеттері, демек, б:кіл синтаксистік белгілері енеді. Қысқасы, сөздің лексика-грамматикалық белгілері деген термин белгілі бір сөзге, сөз табына тән б:кіл лексикалық, морфологиялық және синтаксистік сыр-сипаттарды т:гел қамтиды.

Сөз табының лексикалық (семантикалық) грамматикалық (морфологиялық және синтаксистк) белгілерін дұрыс ашу :шін, осы аталған семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілердің :шеуін де бірдей т:гел қамту қажет. Өйткені, егер осы :ш белгінің :шеуі де тегіс қамтылса, сөздің мазмұны да, материалдық формасы да, синтаксистік феункциясы да т:гел ескеріледі.

Дегенмен сөздердің бәрінен бірдей осы :ш белгі тегіс табыла бермейді, ендеше кейбір сөз таптары :шін белгілі бір принципті негізгі етіп алып, өзгелерін я көмекші принцип етіп алып, өзгелерін я көмекші принцип етіп, я тіпті қолданбай-ақ қоюға да әбден болады. Мысалы, одағай сөздерді аныңтау :шін морфологиялық белгіні іздеп жатудың қажеттігі де болмайды. Сол сияқты, шылау сөздерді аныңтау :шін тек олардың семантикасын және сөзбен, сөйлеммен тіркесу ерекшеліктерін ғана негізге алмаса, олардан арнаулы морфологиялық формалар іздеудің қажеті жоқ.

Сондай-ақ, :стеу сөздер мен еліктеу сөздерді анықтауға олардың семантикасы мен синтаксистік функциялары ғана тірек болады, морфологиялық белгі тек қостаушы ретінде ғана қаралады. сөйтіп, кейбір сөз табын анықтау :шін, :ш белгінің (принциптің) :шеуін де қолдануға болса, кейбір сөз таптары :шін я екі белгіні ғана қолдануға болады. Ал егер бір ғана белгіні таяныш етерліктей болса, ондайда тек семантикалық белгі ғана тірек болуға тиіс. Олай болатын себебі-сөзді сөз деп тануға таяныш болатын белгі-оның семантикасы.

Қазақ тілінде тым ерте замандардан бері қарай әрі есім, әрі етістік мағынасында қолданылатын омоним сөздер бар. Ондай омонимдер лексика-семантикалық жақтан қарағанда, бір негізден шыққандығы аңғарылып тұратын сөздер болса да, грамматикалық жақтан бір сыңары есім, бір сыңары етістік болып келеді. Бұлардың қатарына мысалы, той, көш, тоң тәрізді т:бір омонимдер мен қызық, қанық, тынық, кіріс тәрізді

туынды омонимдерді жатқызуға болады. Мысалы: Қаратаудың басынан көш келеді. көшкен сайын бір тайлақ бос келеді дегендегі көш сөзі де, көшкен сөзді де, {тойға барсаң тойып бар} дегендегі тойға сөзі де, тойып сөзі де, сол сияқты қызық, қанық, тартыс тәрізді омонимдер де-әрі есім, әрі етістік болып қолданылатын сөздер. мұндай омонимдерден жаңа туынды сөздер, басқа туынды формалар жасайтындай жағдайда, олардың есім сыңарлары есімдерше, етістік сыңарлары етістіктерше т:рленіп, соларға тән категориялық формаларды иелене кетеді. сондықтан сөздерді топтастырғанда мұндай омонимдердің есім сыңарлары есімдерге, етістік сыңарлары етістіктерге жатқызылып, сол сөз таптарының аяларында қаралуы керек.

Сонымен қатар, тілімізде мағыналары әр т:рлі сөздердің ішінде бір мағынасына қарасаң зат есім, екінші мағынас ына қарасаң сын есім болып келетін сөздер де жоқ емес.

Тілдің даму барысында сөздің мағыналық шеңбері кеңеюмен байланысты, грамматикалық табиғаты мен қызметі де өзгереді. Осындай процестң нәтижесінде кейбір сөздер бір сөз табынан басқа бір сөз табына ауысады. Мұндай жағдайда ол сөздің бұрынғы мағынасы мен грамматикалық қызметінің :стіне жаңа мағына мен жаңа грамматикалық қызмет :стеледі. Мысалы: Қайрат басынан құлақшынын шешіп алды. Екі атты таудың басынан т:сіп келе жатты. Әңгімемді басынан бастйын деген :ш сөйлемде де т:бірлері де, қосымшалары да бірдей басынан деген сөз бар. Бірақ осы :ш сөздің мағынасы да, қызметі де бірдей емес. 1-сөйлемдегі басынан деген сөз бастапқы лексикалық мағынасында қолданылып, сөйлемде өз алдына м:ше болып тұрса, екінші сөйлемдегі басынан сөзі бастапқы лексикалық мағынасын солғындатып, сөйлемнің дербес м:шесі бола алмай, өзінен бұрынғы ілік жалғаулы таудың деген сөзбен селбесіп барып, к:рделі м:шенің құрамына еніп тұр. Демек екінші сөйлемдегі басынан сөзі негізгі зат есімнен көмекші есімге айналған. Ал :шінші сөйлемдегі басынан сөзі мағына жағынан да, қызмет жағынан да ауысып, тіпті басқа сөз табына (:стеуге) көшкен. Өйткені бұл соңғы сөйлемдегі басынан деген сөз әуелден (алғашқысынан) деген мағына беріп, қашаннан деген сұрауға жауап беретін болып, ең әуелі мазмұн жағынан, содан кейін қызметі жағынан ауысып біржолата :стеу категориясына көшкен.

Сөйтіп, қазіргі қазақ тіліндегі барлық сөздер ең әуелі атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер деген 3 топқа бөлінсе, ол топтар лексика-грамматикалық жақтарынан сараланып, ішінара тағы да топ-топтарға бөлінеді. Мысалы: атаушы сөздер әуелі есімдер және етістіктер деген топтарға бөлінсе, есімдердің өздері іштей атаушы есімдер және :стеуші есімдер болып жіктеледі. Ал атаушы есімдер іштей зат есім, сын есім, сан есім, есімдік деген сөз топтарына сараланса, :стеуші есімдер :стеу



т:се алмайды. Сөйтіп к:рделі етістіктің бұл формасы сыртқы тұрпаты жағынан да,ішкі мазмұны жағынан да құранды болып келеді. Осы себептен бұл :лгі бойынша жасалған етістіктер к:рделі құранды етістіктер деп аталады (ағалық ет,:лгі қыл қабыл ал, бас қатыр т.б.).

2.... алып кел, барып кел,ала кел, келе кет,сұрап ал тәрізді жеке-жеке тіркестерді алсақ, олардың әрбір компонентінде өзді-өзінше дербес лексикалық мағына бар және әрқайсысының осы мағыналары бір-бірінен кем емес, бір-бірімен тең т:седі. К:рделі етістіктің бұл т:ріне тән әрбір тіркестің лексикалық мағынасы құрамындағы екі компоненттің мағыналарынан құралады. Мысалы алып кел, келіп кет деген к:рделі етістіктерді талдап қарасақ, дәлме-дәл болмағанымен шамамен айқындағанда біріншісі ал да кел, екіншісісі кел де кет деген ұғымдарды білдіреді. К:рделі етістіткредің өзге топтарынан ажырату :шін бұл топты шартты т:рде құрама к:рделі етістік не жай к:рделі етістік деп атауға болады.

3. ....бетке шіркеу сала көрме, бойын аулаққа сала берді місе тұтса игі еді, жігері құм бола жаздады.... деген к:рделі етістіктер-тұрақты тіркестер, яғни идиомаланған тіркестер. Бұлар грамматикалық жағынан бөлшектенбейтіндей болып,лексика-семантикалық жағынан бір ғана негізгі мағынаны білдіретіндей болып орныққан бір б:тін тұлға есебінде қолданылатын тұрақты тіркестер, к:рделі етістіктер еркін жұмсала беретіндіктен, к:рделі етістіктердің ж:йесі мен құрамы идиомаланған, лексикаланған к:рделі тобы деген атпен арнайы қаралады. Мысалы: опық жеді, ауыз жаласты, арамтер болды, жан алқымға алды, жек көрді т.б.

**Сұрақтар мен тапсырмалар**:

1. Етістіктерге жалпы сипаттама берің
2. Етістіктің лексика-семантикалық сипаты қандай?
3. Т:бір етістіктер грамматикалық семантикасына қарай неше топқа бөлінеді ?
4. Туынды етістіктер жасайтын жұрнақтарға сипаттама берің
5. К:рделі етістіктер неше топқа бөлінеді, сипаттама берің

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология Алматы, 1оо2ж
2. Ә. Төлеуов. Сөз таптары. Алматы 1оо0ж.
3. Хасенов А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Алматы.1оо2ж.

тер деген екі салаға бөлінеді.

Есім негізгі етістіктерге етістіктерден өзге сөз таптарынан жасалатын етістіктер жатады, олар арнаулы жұрнақтар арқылы көбінесе зат есмнен, сын есімнен, :стеуден, еліктеуіш сөзден, әредік одағайдан жасалады.

Есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар мыналар:

1. -ла, -ле, -да, -де, -та, -те жұрнағы арқылы дене м:шелері атауларынан көп етістік жасалады: төбеле, өкпеле.

2. -лан, -дан, -тан жұрнағы -ла және -н қосымшаларынан пайда болған құранды қосымша. Осы себептен бұл жұрнақ алды-алдына жұмсалып, жеке-жеке қосымша ретінде қызмет етіп, сараланатын бастапқы-ла жұрнағы және өздік я ырықсыз етіс тұлғасын жасайтын-н жұрнағы тіркесімен т:рлес те, азды көпті мағыналас та келеді.

3. -а, -е жұрнағы -көне қосымшаның бірі. Әуелгі баста есім сөзді етістікке айналдыратын өнімді қосымша болғанымен, бірте-бірте кнеленіп тек бұрынғы кезде жалғанған сөздерінің аясында ғана қалып қойған. Мысалы: ата, аса, өрте, тіле, т.б.

4. -ырай, -ірей жұрнағы-әуелгі -ыр және -ай формаларынан құралған көне қосымша. Бұл жұрнақ көбінесе сын есімдерге, бейнелеуіш сөздерге жалғанып, олардан сыртқы, ішкі бейне, кескін, келбет, м:сін тәрізді көріністер мен құбылыстарды білдіретін туынды етістік жасайды. Мысалы: кішірей, тікірей, бақырай.

Қазақ тілінде кемі екі я одан да көп компоненттерден құралып, сөйлеу тілінде де, жазба тілде де бірдей қолданыла беретін етістік тіркестері мен етістікті тіркестер тіпті көп. Мысалы: жәрдем ет, көмек көрсете көр, жәрдем беретін бол, қол ұшын жалғап жібере ғой, ала келсе игі еді, лақтырып тастай салғысы келіп отыр екен. Құрамы мен құрылысы жағынан әр т:рлі бола тұрса да осындай есімді тіркестер мен етістікті тіркестердің бәрі де қазақ тілінде бір категория ретінде қаралып к:рделі етістік деген терминмен аталып ж:р. Осы к:нгі к:рделі етістіктер әуелгі жай тіркестерден туған.

К:рделі етістіктердің т:рлері және олардың қысқаша сипаттамалары мынадай :

1. ....жәрдем ет, ән сал .... деген к:рделі етістіктер (есім мен көмекші етістік) тек семантика жағынан ғана емес, к:рделі етістіктің грамматикалануына таяныш болады (жәрдем етеді, жәрдем етті, жәрдем етсе игі еді, жәрдем еткен адам т.б.) Бұл :лгі бойынша жасалатын к:рделі етістіктің лексикалық мағынасына бірінші компонент (есім) негіз болса, екінші компонент сол есім сөзді етістікке айналдыратын дәнекер есебінде қызмет етеді, бірақ көмекші етістік қызмет жағынан жұрнаққа ұқсас болғанымен, формасы мен мағынасы жағынан ешуақытта да онымен тең



сөздер мен еліктеу сөздерге бөлінеді.

Сонымен жоғарыдағылардың бәрін жинақтай келгенде, қазіргі қазақ тіліндегі сөздер мынадай о топқа бөлінеді.

1. Зат есім. у. :стеу.
2. Сын есім. u. Еліктеу сөз.
3. Сан есім. і. Көмекші (шылау) сөз.
4. Есімдік. о. Одағай.
5. Етістік.

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қазақ тіліндегі барлық сөздер неше топқа бөлінеді ?
2. Атаушы сөздер дегеніміз не ?
3. Көмекші сөздерге қандай сөздер жатады ?
4. Одағай сөздерге жалпы сипаттама берің .
5. Сөз таптарын топтастырудың принциптері қандай ?

**Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. А.Ысқақов Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, Ана тілі. 1оо2ж.
2. С.Исаев Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Алматы, 1ооuж.
3. Данияров.А. Қазіргі қазақ тілінде көптік категориясының берілу жолдары, Тіл және әдебиет мәселелері, 1оу3 ж
4. Төлеуов Ә. Қазақ тілінде зат есім мен сын есім тудыратын жұрнақтар. Алматы, 1оuож
5. Маманов И. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1оі5ж.

## ЗАТ ЕСІМ, МОРФОЛОГИЯЛЫҚ, СИНТАКСИСТІК СИПАТЫ

### Ж О С П А Р Ы :

1. Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты.
2. Зат есімнің морфологиялық құрамы.
3. Зат есімнің жасалу тәсілдері.
4. Зат есімнің синтаксистік қызметі.
5. Көмекші есімдер.

**Тірек сөздер:** табиғат атаулары мен қоғамдық болмысқа қойылған атаулар зат есім деп аталады. Мысалы: тау, ағаш, кітап, қалам т.б. зат есімнің мағыналық топтары: адамзат, ғаламзат есімдер, жалпы

есім мен жалқы есім, деректі және дерексіз есімдеп, дара мәнді ,көптік мәнді есімдер, зат есімнің синтаксистік қызметі негізінен сөйлемде бастауыш пен толықтауыш болу.

Зат деген ұғым к:нделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен оқиғаларды, ұғымдарм ен т:сініктерді де қамтиды. Мысалы~ құс, тас, су, адам, қол, бас деген сөздермен қатар жаңбыр, найзағай, ж:ріс, сайлау,ақыл,сана деген сөздер де зат есімге жатады.

Белгілі затқа, нәрсеге, табиғат құбылысы мен қоғамдық болмысқа қойылған атаулар зат есім деп аталады. Зат есімдер лексика-семантикалық сипаттарына қарай сөйлемдегі өзге сөздермен еркін қарым-қатынасқа т:сетіндіктен , сол қатнызстарға аса қажетті көптік, тәуелдік, септік және жіктік жалғауларын қабылдап т:рленіп отырады, екіншіден зат есімнің сөз тудыратын және т:рлендіретін арнаулы жұрнақтары бар. Зат есімдердің қай-қайсысы болсын заттық ұғымды білдіретіндіктен олар негізінен алғанда біркелкі болғандарымен іштей нақтылық және абстрактілік, жалпылық және жалқылық, жекелік және топтық сияқты семантикалық категорияларды да қамтиды. Мысалы: ағаш, темір, с:т, ш:берек тәрізді сөздер әдетте көзбен көріп, қолмен ұстап тануға боларлықтай нақтылы деректі заттармен байланысты ұғымдарды білдірсе ақыл, сана, ой, адамгершілік, зұлымдық, пікір секілді сөздер ойлау, топшылау қабілеттері арқылы танылатын дерексіз заттармен байланысты ұғымдарды білдіреді. Дерексіз заттық ұғымдардың аттары деректі заттық ұғымдардан кейін шыққан және сол нақтылы ұғымдардың негізінде туған.

Зат есімдерді іштей әлденеше топқа бөлуге болады. Тілімізде зат есімдерді семантикалық және грамматикалық сипаты жағынан талдап қарасақ, олардың бір саласы адам атаулары, екіншісі адамнан өзге жан-жануарлар мен заттардың атаулары болып келеді. Осы ааталған екі топтың біріншісіне қатысты сөздердің бәрі тек кім? деген сұраққа жауап берсе, екіншісіне қатысты сөздерді бәрі тек не ? деген сұраққа жауап береді.

Кім ? деген грамматикалық сұраққа жауап беретін зат есімдерге жалпы адам атаулары жатады. Адам атаулары деп жалпы адамға тән атауларды, туыс атауларын, іс-әрекет пен кәсіп-мамандық иелерінің атауларын, әр алуан қызмет баптары мен лауазым атауларын, кісі аттарын және басқа да осылар сияқты адамға тән атауларды айтамыз.

Адам атаулымен байланысты ұғымдардың аттары мен кісі аттары енетіндіктен зат есімнің бұл тобы адамзат есімдері деп аталады.

Не? деген грамматикалық сұрау әдетте адамнан өзге барлық жан-жануарлардың және к:ллі заттар мен нәрселердің аттарына қойылады. Зат



Т:бір етістіктер деп арнаулы морфологиялық бөлшектері жоқ, демек, қазіргі кезде морфологиялық жағынан т:бір және жұрнақ деп бөлшектеуге болмайтындай етістік формалары аталады. Мысалы: аз, ал, айт, алда, бат, бер т.б.

Сонымен, қазіргі тіліміздегі етістік т:бірі неше қилы формалар (есімше, көсемше, рай, етіс, шақ т.б) тудыратын қосымшалардың барлығын алып тастағанда, сақталатын, яғни әрі қарай тағы да бөлшектеуге болмайтын т:пкі бөлшек болады. Мысалы: берілген, берілсе, бергіздіртіпті, бергізіліпті деген формалардың бәріне де ортақ т:пкі бөлшек бер бөлшегі т:бір саналады.

Туынды етістіктерге, әдетте, т:бірлерден арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған етістіктер жатады. Туынды етістіктерді тиісті т:бірге және жұрнаққа бөлшектеуге болады, бірақ ол туынды тұлға есебінде қолданыла береді. Мысалы: ой-ла, той-ла, тер-ле, с:р-ле, ем-де, тоқпақ-та т.б.

Жұрнақ арқылы жасалатын әрбір туынды етістіктің семантикасы, әдетте, оның құрамына енетін т:бір мен қосылатын жұрнақтың мағыналарынан құралады. Мысалы, тұзда, :тікте, шегеле, емде сияқты туынды етістіктерді алсақ, бұларға тұз, :тік, шеге деген зат есімдердің т:пкі мағыналары негіз болған да, оларға қосылған-да, а(-е) жұрнақтары бұл зат есімдерді етістікке айналдырған.

Жұрнақ арқылы жасалатын туынды етістіктердің мағыналары, негізінен алғанда құрамындағы екі компоненттің мағыналарынан құралса да, ол екеуінің құрылымы бір-бірімен ажырамайтындай болып бірігеді де, туынды форма бір б:тін тұлға есебінде тұтасады. Осы себептен кейбір туынды етістіктер бөлшектенбейтіндей болып, т:бір сөз қалпына көшеді.

Туынды етістіктің семантикалық құрылымына оған негіз болатын есім сөздің мағынасы :лкен әсер етеді. Өйткені (есім сөздің мағынасы :лкен әсер етеді) қызметі неғұрлым саяз я шағын болса, етістіктің мағынасы да соғұрлым тайыз я тар болады (бұрғы-ла, асфальт-та), керісінше есім сөздің қызметі кең я өрісті болса, етістік те соншалықты көп мағыналы болады. (қолда, көзде).

Т:бірлерден немесе негіздерден жұрнақ арқылы жасалатын туынды сөздердің белгілі морфологиялық құрылымы болады. Әдетте, сол құрылымның бір компоненті жаңа форма жасауға негіз болатын дербес мағыналы сөз болса, екінші компоненті-сол бірінші компоненті белгілі бір табына айналдыратын жұрнақ болады. Туынды етістіктер тіліміздегі негізгі сөз топтарының қайсысынан болса да, жасала беретіні айқын көрінеді. Осыған орай, туынды етістіктер жасалатын енгіздеріне қарай, есімдерден жасалған етістіктер және етістіктен жасалған етістік-

етістіктері (айт, сөйле, ескер т.б.) өсу-өну етістіктері (балала, г:лде, өс т.б.) бағыт-бағдар етістіктері (бар, кел, кет, әпер т.б.) көңіл-к:й етістіктері (жыла, қайғыр, к:л т.б.) бейнелеу-еліктеу етістіктері (жарқыра, к:ркіре, тарсылда т.б) дыбыс-сес етістіктері, көру-есту етістіктері, мінез-құлық етістіктері деген сияқты әлденеше топқа бөліп, саралауға болады. Етістіктерді мағынасы қарай топтастыру мәселесі де, басқа сөз таптары сияқты, белгілі мақсатқа я нысанаға орайлас құрылуы қажет. Етістіктің грамматикалық формалары мен қызм еттерін дұрыс айқындау :шін оларды т:бір формалардың, туынды синтетикалық және аналитикалық формалардың семантикалық құрылымдарына орай жіктеп, сырын ашу-олардың формалары мен мазмұндарының ара қатынастарын анықтауға тиімді де, қонымды да болмақ.

Есімдерге және басқа сөз топтарына қатысты сөздерден жұрнақтар арқылы туған жалаң етістіктер де, кемі екі сөзден құралып жасалған к:рделі етістіктер де барлығы тіліміздегі ежелгі т:бір етістіктердің семантикалық ж:йесіне, морфологиялық формасына және синтаксистік функциясына орай құралып, солардың негізгі заңдарына лайық қалыптасып отырған. Байырғы т:бір етістіктерді грамматикалық семантикасына, соған сәйкес қалыптасқан негізгі функциясына қарай төмендегідей :ш салаға бөлуге болады.

Бірінші сала. Бұларға өздеріне тән негізгі лексикалық мағыналарын дәйім толық сақтап отыратын, соған орай, дербес, грамматикалық қызметтерін т:гелімен атқарып отыратын т:бір етістіктер жатады. Бұл етістіктер өздерінің негізгі мағыналарын ұдайы сақтап отырады да, :немі жетекшілік қызметінде жұмсалады. Т:бір етістіктердің негізгі көпшілігі осы топқа жатады. Мысалы: аз, айт, ас, аш, бақ, жар, жақ т.б.

Екінші сала. Бұл топқа өздеріне тән негізгі лексикалық мағыналарын толық сақтап, сөйлемде дербес м:ше болумен қатар, басқа бір жетекші етістікпен тіркескенде, лексикалық мағыналарын не жартылай, не б:тіндей жоғалтып, оған қосымша грамматикалық мағына ғана :степ, жәрдемші ретінде де қызмет атқаратын т:бір етістіктер жатады. Бұл етістіктер сөйтіп, әрі негізгі, әрі жәрдемші етістіктер есебінде жұмсалады. оларға, мысалы, мына етістіктер жатады: ал, бар, бақ, бер, бол, біл т.б.

:шінші сала. Бұл топқа енетін етістік саны аз. Оларға өздеріне тән әуелгі лексикалық мағыналарын я жартылай, я б:тіндей жоғалтып, тек қана грамматикалық мағына жамап, грамматикалық формаға лекер болып қызмет ететін яғни бірыңғай көмекші есебінде ғана жұмсалатын е, еді, екен, жазда етістіктері ғана жатады.

Морфологиялық құрылымы жағынан етістіктер жалаң және к:рделі болып екі салаға бөлінеді. Жалаң етістіктерге т:бір етістіктер және жұрнақ арқылы жасалған туынды етістіктер жатады. Жалаң етістіктер құрылымына қарай т:бір және туынды етістіктер болып екіге бөлінеді.



есімдердің бұл тобы адамнан өзге жан-жануарлардың, заттар мен нәрселердің, заттық ұғымдардың атауларын т:гел қамтитындықтан оларды семантикалық ерекшеліктеріне қарай ғаламзат есімдері деп атаймыз.

Тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттармен ұғымдарды білдіретін зат есімдер әдетте жалпы есімдер деп аталады. Мысалы: ағаш, тау, тас, бала, ақыл, сана, ер, дала, отын, көмір сияқты зат есімдердің бәрі де жалпы есім болады. Ал заттар мен заттық ұғымдарды жалпылама атайтын осындай жалпы есімдермен қатар белгілі бір затты арнай, даралай атайтын жалқы зат есімдер де бар. Оларға кісі аттары, :й хайуандарына берілген арнаулы аттар, мекеме, ұйым аттары, газет, журнал аттары, кітап аттары, қала, көше аттары т.б. жалқы атаулар жатады.

Жеке я дара заттарға берілген осындай зат есімдерді жалқы есімдер дейміз. Сөйтіп жалқы есімдер деп жалпы есімдерден ажырату :шін қойылатын арнаулы атауларды айтамыз. Жазу дәст:рімізде жалқы есімдер бас әріппен жазылады да, жалпы есімдер кіші әріппен жазылады.

Атау формада тұрғанда өзі арқылы аталатын заттың біреуін емес, жиынын топтап я қамтып атайтын зат есімдер де бар. Мысалы: с:т, ұн, шаш, ақыл, өмір, шындық, жел, құйын деген сияқты зат есімдерді алсақ, бұлардың әрқайсысы белгілі бір жеке-дара затты ғана атамайды, оны тобынмен атайды. Осындай затты жеке-дара атамай оларды тобымен атайтын зат есімдерді көптік мәнді зат есімдер деп атаймыз.

Құрамы жағынан зат есімдер жалаң да к:рделі де болады. Жалаң зат есімдер екіге бөлінеді: т:бір зат есімдер және туынды зат есімдер. Т:бір зат есімдер қазіргі кезде тиісті морфемаларға бөлшектенбейтін тек бір ғана т:бір морфема ретінде қабылданатын заттық атауларды айтамыз. Туынды зат есімдер деп т:бір морфемаға және қосымша морфемаға бөлшектенетін демек т:бір сөзден жұрнақ арқылы жасалған заттық атауларды айтамыз.

К:рделі зат есімдерге кемінде екі я одан да көп т:бір морфемадан құралған формалар жатады. Мысалы: белбеу қолқанат, ата-ана, отын-су, ауыл шаруашылығы сары май, пединститут, ТМД т.б.

Зат есімдер лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады. 1. Лексикалық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге байырғы зат есімдер, сондай-ақ басқа тілдерден кірген зат есімдер бастапқы семантикалық мағынасы кеңею не тарылу, не ауысу арқылы туған жаңа зат есімдер мен басқа сөз таптарынан субстантивтену арқылы пайда болған зат есімдер жатады.

2. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған зат есімдергекемі екі я одан да көп т:бірлердің бірігуі, қосарлануы, тіркесіп құралуы, қысқарып

құралуы арқылы және лексикалану негізінде пайда болған к:рделі зат есімдер жатады.

3. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге зат есімнің өзінен, өзге сөз таптарынан тиісті жұрнақтар арқылы туған туынды зат есімдер жатады.

Сөз таптарының бәріне де негізгі ұйытқы болғандықтан зат есім олардың әрқайсысымен сөйлем ішінде әр т:рлі жағдайда тіркесіп, әр алуан қарым-қатынасқа т:седі. Осындай әр тараптылығының нәтижесінде зат есім сөйлемнің барлық м:шелері бола береді.

Сөйткенмен семантиаклық жағынан негізінен заттық ұғымды білдіретіндіктен зат есімнің ең негізгі қызметі бастауыш пен толықтауыш болуға лайық. Мысалы~ Мұғалім-ауылдағы мәдени к:шіміз. Әбдірахман хатты ашып оқыды. Қандай сөзбен тіркесуіне және қай орында тұруына қарай зат есім сөйлемде анықтауыш та, пысықтауыш та, баяндауыш та бола береді. Мысалы: Біздің болысқа қаладан өкіл келді. Біздің :йде әкем, шешем, Бағила, Ұлтуған, мен -бес жанбыз. Қазақ тілінде зат есімнің анықтауыш болуы оның негізгі қызметі мен қабілетінің бірі-негізгі синтаксистік сипатының бірі. Ал зат есімнің негізгі синтаксистік сипатының төркіні де себебі де қазақ тіліндегі зат есімдертек басқа сөз таптарымен ғана емес, өзді-өздері де бір-бірімен тіркесе бере алатын ерекшелігіне байланысты. Демек, зат есімге сын есім де, сан есім де, есімдік те, есімше де анықтауыш болумен қатар, бір зат есімге екінші бір зат есім де анықтауыш бола алады. Мысалы: темір қақпа, бас бәйгі, бас дәрігер т.б.

Зат есімдердің көпшілігі өздерінің лексикалық мағыналарында жұмсалып, өздеріне тән т:рлену ж:йелерін және сөйлемде өз алдарына дербес м:ше болу қасиеттерін сақтап отырады. Ал кейбір зат есімдер өздеріне тән байырғы қызметтерінен жартылай айрылып, көбінесе көмекші сөздер, яғни көмекші есімдер есебінде жұмсалады. Көмекш есімдер деп лексикалық мағыналары бірде б:тіндей сақталып, бірде солғындап, өзге сөздермен тіркесу ерекшеліктеріне қарай, синтаксистік жағынан кейде жеке-дара м:ше есебінде, кейде к:рделі м:шенің құрамындағы дәнекер элемент есебінде қолданылып, морфологиялық жағынан зат есімдерше т:рленіп отыратын жәрдемші сөздерді айтамыз.

Көмекші есімдер сан жағынан соншалықты көп емес. Оларға алды, арты, асты, :сті, жаны, қасы, арасы, іші, сырты, басы, беті, шеті, т:бі, төбесі, маңы сияқты сөздер жатады. Бірақ сан жағынан аз болғанымен бұл сөздердің қолданылу өрісі аса кең, атқаратын қызметтері өте зор.

Көмекші есімдер кәдімгі зат есімдерше қолданылады, ондайда көмекші сөздердің негізгі зат есімдерден ешқандай айырмашылығы болмайды. Демек, ондай жағдайда бұл сөздердің бойында зат есімдерге тән семантикалық дербестік те, морфологиялық жағынан дәл сол зат есімдердей



болатын себебі-ол семантика тек субьектінің іс-әрекетін ғана емес, табиғат ауқамында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстракт ойы мен санасы арқасында туатын неше алуан амал, әрекет, іс, қимыл, қозғалыс, жай, к:й сияқты процестерге қатысты ұғымдарды т:гел қамтиды. Етістіктің осы бай семантикасы, оның т:р-т:рі, қашан да болсын, мезгіл я шақ ұғымымен ұштас болады.

Етістіктің лексика-грамматикалық формаларының бай болатын себебі-ол формалар амал-әрекеттің болу мезгілін, ж:зеге асу кезеңін және олардың өту сипатын яғни бағыты, қарқыны, тынуы тәрізді жайларды бағдарлатады, демек, етістік формалары осы және олардан өзге әр т:рлі құбылыстардың көрсеткіштері есебінде қызмет етеді. Бұлардың :стіне етістіктен етістік тудыратын, есімнен етістік тудыратын синтетикалық, аналитикалық тәсілдердің ж:йелерін, олардың нақтылы :лгі нұсқаларын қоссақ, етістік деп аталатын сөз табы форма жағынан орасан бай категория екені ашыла т:седі. Шынында да, форма байлығы жағынан етістікке өзге бірде -бір сөз табы, солардың ішінде формасы ең бай саналатын зат есімнің өзі бара-бар т:се алмайды.

Етістіктің лексика-семантикалық мағынасы мен формаларының байлығы оның өзіне тән әр алуан лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық категорияларынан тіпті айқын көрінеді. Мысалы, етістіктің өзіне лайық сөз тудыру ж:йесі, ол ж:йенің неше қилы формаларымен қатар өзіне ғана тән сөз т:рлендіретін де формалары бар. Ал, шақ, рай, етіс амалдың ж:зеге асу сипаты сияқты ж:йе-ж:йе категориялар-етістіктің семантика жағынан ең бай формалары, сондай-ақ етістіктің өзге семантикалық және морфологиялық формаларынан мазмұндары да, тұрпат т:рлері де өзгеше есімше, көсемше деп аталатын категориялары бар. Бұлар, бір жағынан, етістікті басқа сөз таптарынан ерекшелендіретін формалар болса, екіншіден, солармен ұштастыратын айрықша функциялары бар категориялар.

Етістіктің лексикалық құрамында қанша сөз болса, солардың әрқайсысының өзіне тән лексикалыңқ мағынасы болады. Солай бола тұра лек сикалық мағыналары қаншалықты басқа-басқа болғандарымен, сол етістіктердің бәрі де, ең алдымен, өздерінің мазмұнындағы барлығына да ортақ сипат есебінде танылатын семантикалық ерекшеліктеріне қарай бір сөз тобына телінеді. Дегенмен де, лексика-грамматикалық белгілері бірыңғай жеке сөз табы саналатын етістіктердің өздерін іштей бір-біріне мағына жағынан жақындықтарына, өзара функция жағынан орайластықтарына қарай топ-топқа бөлуге болады. Мысалы, оларды осы тұрғыдан алып, іштей амал-әрекет етістіктері (босат, көтер, көтер т.б.) қимыл-қозғалыс етістіктері (ауна, аудар, домала т.б) қалып-сапа етістіктері (жат, жантай, тұр, тос т.б.) ойлау-сөйлеу

5. Қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктер қандай тәсілдер арқылы жасалады, мысалдар келтірің.

у. Есімдіктер мағыналарына қарай неше топқа жіктеледі ?

u. Жіктеу есімдіктеріне қай есімдіктер жатады ?

і. Жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдіктеріне ортақ қай есімдік ?

о. Сұрау есімдіктерінің жасалуына қай есімдіктер негіз болған ?

10. Белгісіздік есімдіктері қай сөздердің негізінде жасалады, мысалдар келтірің.

11. Болымсыздық есімдіктеріне қай есімдіктер жатады ?

12. Жалпылау есімдіктерінің негізгі ерекшеліктері қандай ?

**Пайдаланылған әдебиеттер**:

1. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, Рауан, 1оо3ж.
2. К.Аханов. Грамматика теориясының негіздері.Алматы,1оо2 ж.
3. А.Ибатов. Қазақ тілі морфологиясының тарихы. 1ооu ж.
4. Ә.Төлеуов. Қазақ тіліндегі есімдер. Алматы, 1ооу ж.
5. Ы.Маманов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1оо0.

## ЕТІСТІК. ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ, МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

**Ж О С П А Р Ы**:

1. Етістік туралы жалпы сипаттама
2. Етістіктің лексика-семантикалық сипаты
3. Т:бір етістіктер
4. Туынды етістіктің морфологиялық сипаты
5. К:рделі етістіктер және олардың ж:йесі

**Тірек сөздер**: Етістіктер қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең к:рделісі, ол неше т:рлі амал, әрекет, іс, қимыл, қозғалыс, жай, к:й сияқты процестерді білдіреді, морфологиялық құрылымы жағынан етістіктер т:бір етістіктер (ал, ж:р, аш, бар),туынды етістіктер (тазала, көңілден, бақырай, сына), к:рделі етістіктер(жәрдем ет, барып кел, бетке шіркеу т:сіре көрме) болып бөлінеді.

Етістік тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең к:рделі грамматикалық категория. Етістіктің к:рделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен, кең синтаксистік қызметімен тығыз байланысты.

Етістіктің лексика-семантикалық сипатының мейлінше өрісті



т:рлену қабілеті де толық сақталады. Мысалы: Сыртын көріп, ішінен т:ңілме. Менің іштегі суды сыртқа төгуімнен, сыртағы судың ішке құйылуы басымырақ боп кетті. Бұндағы сырттағы, іштегі деген жұрнақ қосылған формалар да, сыртын, ішін деген табыс септіктегі форма да- өздерінің лексикалық дербестіктерін де, т:рлену ерекшеліктерін де, сөйлемде жеке-дара м:ше болып қызмет атқару қабылеттерін де өз бойларында толық сақтап тұрған зат есімдер.

Дәл осы зат есімдер көмекші есімдер есебінде, демек семантикасы солғындаған дәнекер сөздер есебінде жұмсалғанда, лексикалық мағынасы солғындаумен байланысты, синтаксистік дербестіктерінен айрылады да тек морфологиялық жағынан т:рлену қасиеттерін ғана өз бойларында сақтайды. Мысалы: Құнанбайдың мықты жер Тобықты іші болса, әлсіз жері де осы Тобықты ішінде. Мұндағы іші, іші дегендер лексикалық мағынасы толық сақталған зат есім есебінде емес, ақиқат мағыналары солғындаған көмекші есім есебінде қолданылған. Осыған сәйкес бұл сөздер сөйлемде жеке-дара м:ше емес, өздерінен бұрынғы негізгі сөздермен тіркесіп, к:рделі м:шелердің құрамына енетін көмекші компоненттер есебінде қызмет етіп тұр.

Көмекші есімдердің негізгі сөздерге :стейтін қосымша мағыналары көбінесе көлемдік қатынастарды білдіреді. Осындай семантикалық ерекшеліктеріне орай, көмекші есімдер көбінесе көлемдік және мезгілдік мағыналарды білдіретін барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік формаларында қолданылады. Бірақ, ретіне қарай қажетті болған жағдайда, атау, ілік, табыс септік жалғауларыының формаларында да қолданыла береді.

Көмекші есімдердің т:пкі шыққан төркіндері орын, мекен жайларына байланысты демек белгілі бір заттың не нәрсенің, заттық құбылыстың не оқиғаның алды я арты, асты не :сті, іші я сырты, арасы я ортасы, беті я т:бі тәрізді ұғымдардың атаулары екендігі ш:бәсіз. Көмекші есімдердің мағыналары қаншалықты солғындағанымен де шылау сөздердей я б:тіндей я жартылай жоғалып кетпейді керісінше не б:тіндей не жартылай олардың бойларында сақталып отырады. Мысалы: :шін, дейін септеуліктерін, ғой, ма, ме демеуліктерін алсақ олардың мағыналары жеке-дара тұрғанда айқын аңғарылмайды. Ал, :сті, іші, сырты, арасы сияқты көмекші есімдерді алсақ, олар тийсті сөздерге тіркеспей-ақ, жеке-дара тұрып та белгілі бір көлемдік қатынастармен байланысты ұғымдарды білдіре алады.

Көмекші есімдерді шылау сөздермен морфологиялық сипаттары жағынан бір қатарға қоюға болмайды. Өйткені шылау сөздер- морфологиялық жағынан белгілі бір формаларда қалыптасып орныққан көмекші сөздер болса, көмекші есімдер керісінше өздерінің төркіндеріне

тән формалардың бәрін де бойларында сақтайды. Демек көмекші есімдер өздерінің көмекшілік қызметтерін қаже тіне қарай көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларын және кейбір жұрнақтарды да қабылдай отырып атқара береді. Мысалы: Біз сияқты сіз де оқу :стіндесіз.

Көмекші есімдер қай формада тұрса да, өздерінен бұрынғы ілік септіктегі сөздермен тіркеседі де солармен бірлесіп сөйлемнің к:рделі м:шесінің құрамына енеді. Отан алдынада, :й алдынан, :й алдына деген сияқты тіркестер сөйлемнің бірғана к:рделі м:шесінің қызметін атқарады және к:рделі мекен пысықтауыш болады.

Көмекші есімдердің синтаксистік мен морфологиялық формаларында айырмашылық болмайтындықтан, оларды тек семантикалық жағынан ғана жіктеуге болады. Көмекші есімдер бір-бірімен синонимдес және антонимдес болып келеді. Мысалы: :сті және басы, арты-сырты, ортасы-іші, басы-төбесі, т:бі-аяғы көмекші есімдері өзара мағыналас. Ал, алды-арты, асты-:сті, іші-сырты, беті-т:бі, ар жағы-бер жағы- өзара антонимдес.

Көмекші есімдердің осы сипаттарын олардың қосарланып қолданылу ерекшеліктерінен айқын көруге болады. Мысалы: Динаның :сті-басы тегіс су. Сенің әкең өзі де басы-қасында.

Көмекші есімдердің қатарына бір кездерде көлемдік, я мекендік қатынастарды білдірмейтін жөні, турасы, хақы, бабы, арқасы тәрізді сөздер де жатқан. Бірақ бұл сөздер көмекші есімдердің қатарларынан бірте-бірте бөлініп, қол :зіп, жөнінде, турасында, жайында, хақында, арқасында, турасынан, бабынан, жөнінен деген формаларда көнеленіп қалыптасып шылау сөздердің қатарына ауысқан.

Зат есімдердің ішінде заттың я заттық ұғымды әдеттегіше атаумен қатар сол аталған заттың сын сипаты жағынан қандай екендігін қоса-қабат білдіре атайтын олардың кейбір өзіндік сипатын нақтылай т:сіп, әсерлеу не бейнелеу жолымен сезімі т:рде қолданылатын топтары бар. Мысалы: көл, тау, төбе, арба деген сияқты жалпы есімдердің көлшік, таушық, төбешік, арбашық деген т:рлері бар да, отан, өгіз, кітап деген тәрізді зат есімдердің атанша, өгізше, кітапша деген де т:рлері бар. Осы аталған екі топ сөздің көлсымақ, таусымақ, төбесымақ, кітапсымақ деген т:рлері де бар.

Сол сияқты адамға байланысты әке, шеше, апа тәрізді туыстық атауларын әкей, шешей, апай деп те, апеке, шешеке деп те, шешетай, апатай, әкежан, апажан деп те қолданылу- :йреншікті әдет. Сондай-ақ бала, бота, лақ сөздерін балақай, ботақан, лақан деп те айту қандай :йреншікті болса, бөпе, қалқа, сәуле секілді жалпы есімдер мен Нұрлан, Әлия, Әсия тәрізді жалқы есімдерді бөпеш, қалқаш, Сәулеш, Нұрыш, Әскен, Әлкен деп те айту-соншалықты дағдылы нәрсе.

Сөйтіп кейбір зат есімдердің әдеттегіше бейтарап т:рде жалпы



Болымсыздық есімдіктері. Болымсыздық есімдіктер негізінен еш деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады. Мысалы, еш, ешкім, ешбір, ештеңе, дәнеңе, ешқашан, ешқандай. Болымсыздық сөйлемде болымсыздық мағына тудыратын емес, жоқ деген сөздермен және етістіктің болымсыз т:рімен байланысты қолданылады. Бұлардың ішінен заттық ұғым білдіретіндері ешкім, ештеме, ештеңе, ешқайсы дегендер. Ешбір, ешқандай дегендер - аттрибутивтік ұғымдағы сөздер.

Болымсыз есімдіктер жіктік жалғауын қабылдамайды. Көптік жалғау тәуелдік жалғауларымен қоса-қабат ештемелері, дәнеңелері деген сияқты т:рде ғана жалғанады. Сол сияқты болымсыз есімдіктерінің тәуелденуі мен септелу ж:йелері де біркелкі болып келмейді.

Жалпылау есімдіктері. Жалпылау есімдіктеріне бәрі, барлық, барша, бар, к:ллі, б:кіл, т:гел деген сөздер ғана жатады. Жалпылау есімдіктері деп мағына жағынан кем дегенде екі я одан да көп заттар мен құбылыстарды жинақтай атау :шін қолданылатын сөздерді айтамыз. Жалпылау есімдіктерінің ішінен бәрі деген атау формада субстанциялық ұғымды білдіреді де,басқалар атау формада аттрибутивтік ұғымдарды білдіреді. Жалпылау есімдіктерінің ішінен бар, б:кіл, к:ллі сөздері лексикалық жолмен өзге сөз таптарынан ауысқан, бәрі барлық, барша сөздері морфологиялық тәсіл арқылы бар есімдігінен жасалған. Бірақ бұл сөз де әуелдегі бар (жоқ деген сөздің антонимі) деген есімнен прономиналдану негізінде пайда болған. Бар, барлық, барша есімдіктеріне тәуелдік жалғаулары оңаша және ортақ т:рінде жалғана береді де, б:кіл, к:ллі, б:тін есімдіктеріне ешқашан да жалғанбайды. Жіктік жалғаулары да жалпылау есімдіктерінің ешбіріне жалғанбайды. Жалпылау есімдіктерінің ішінде тек субстантивтенген т:рлері тәуелденіп барып ғана септеле алады.

Жалпылау есімдіктері негізінен алғанда сөйлемде анықтауыш болып қызмет атқарады. Бірақ оның өзі де жалпылау есімдіктерінің бәріне бірдей қызмет емес. Өйткені олар ретіне қарай, толықтауыш м:ше болып та жұмсалады, бірақ ешуақытта да пысықтауыш болып қызмет атқармайды. Мысалы Барлық көш иесіз тұл кетіп бара жатқан анау қаралы киім, тұл ат-баршасы осы барлық қауымның қайғысын Абайға өзгеше терең т:сіндірді.

**Сұрақтар мен тапсырмалар**:

1. Есімдіктерге жалпы сипаттама берің.
2. Есімдіктердің есім сөздерге бірлестік қатысы қандай ?
3. Есімдіктер шығу төркіні жағынан неше топқа бөлінеді?
4. Байырғы есімдіктерге қайсы есімдіктер жатады?

қандай? қанша? қалай? қашан? қашаннан? қашанғы? деген есімдіктер қай, қан, қа деген бір төркіннен туып көнеленіп қалыптасқан сөздер. Морфологиялық жағынан сұрау есімдіктерінің ішінен кім? не? қайсы? нешеу? сияқтылар септеліп те, тәуелденіп те, жіктеліп те қолданыла береді. Сұрау есімдіктерінің бәрі көпше т:рде өзгермейді, тек кім? не? неше? дегендер ғана көптеледі. Сұрау есімдіктерінен кім? не? қандай? қанша? қалай дегендер жіктеледі.

Өздік есімдік. Қазақ тілінде өздік есімдікке жалғыз ғана өз сөзі жатады. Бұл есімдік көбінесе өзім, өзі, өзіңіз деген сияқты оңаша және ортақ тәуелдеулі т:рде қолданылады. Мысалы: Өзің ж:рген жақтан өзің тауып келген жол бар ма? Өздік есімдіктің тәуелдеулі формада қолданылуында мынадай екі т:рлі ерекшелік бар. 1. Жіктеу есімдіктері қабаттасып та, қабаттаспай да қолданылады. Өздік есімдік тәуелдіктің қай жағында тұрса қабаттасатын жіктеу есімдігі де сол жақта қолданылады. Мысалы, Мен өзім, сіз өзіңіз, олар өздері. 2. Тәуелдеулі өздік есімдік сөйлемде бастауыш болса жақ жағынан жіктік жалғауды тікелей өзіне бағындырады, демек бастауыш болатын өздік есімдік тәуелдіктің қай жағында тұрса баяндауыш та жіктіктің сол жағында тұрады, ал тәуелдеулі зат есімдерде ондай қасиет жоқ. Мысалы: Өзім келдім, досым келді.

